

# П И О Н Е Р



ДЕКАБРЬ

1955 ЖЫЛ

№ 12

АЛМАТЫ



## Қыс

Күтірлеп келді дағы шын қыс тағ  
Қайтадан кәдімгідей күн қысқарды  
Аспанда ақша бұлшырлар шоғырланғы  
Жамбылып жапты дала күміс қарды

Сансыз ғып салдық әсем аққаланғы  
(Кетпедік қарағайлы бақпан әлі)  
Қыс өзі қол шанаға мініп алып  
Біздерді шымшып ойнап, шапшанады

Өзеннің өне бойын мұз алыпты,  
Ұмыттық қорқынышты, біз хауіпші  
Сырғанап көпкісіз-ақ кеше бердік,  
Тоқтапмай кенеп шуған қызбалықты

Тау үйдік, тым тамаша демесек те  
Қызығып көп қарады ересек те.  
Рақам — көз ілеспей кетсең ағып,  
Боласың зулағандай келешекке.

*Ізтай Мәмбетов*





# ПИОНЕР


Қазақстан ЛКЖО Орталық Комитетінің пионерлер мен мектеп оқушыларына арналған әдеби-көркем және публицистикалық журналы

№ 12

ДЕКАБРЬ  
1955 жыл.

Айына бір рет шығады.

Шығуына 17 жыл.



## Жасы бақ

С. Сарғасқиев.

Повесть

Суреттерін салған Н. Лебедев.

Оның келгеніне Ақан қуанып қалған-ды. Әлгінде ой тұжырымына келгенде «Осыған епті Олақ қана, алдасаң, көне салады»,— деп арнай сақтағаны бар-ды. Жайда, сөзін үзіп тастар еді, енді құлықсыз болса да, күлгенсіп тұрып, ара-арасында «дұрыс-ақ скен!» деп тыңдады.

Олақтың көзі жайнай түсіп, біраз сөйлеп барып тоқтады.

— Болдың ба, есебі,— деді Олақ тоқтағанда ғана Ақан.

— Болдым,— деді Олақ үйдің қасындағы қарағай орындыққа отыра кетіп.

— Болсаң тыңда. Маған жақсы ой келіп тұр. Бірақ, ешкімге айтпасаң ғана айтамын.

— Айтпаймын... Ол не?— деді Олақ таңдана.

— Сен ағашты ұрықтан өсіруге болатынын білесің ғой?

— Неге білмеймін, білем.

— Білсең дұрыс. Ал енді былай, бір ұрықтан екі түрлі ағаш өсіруді білесің бе?

— Жо, ондайынды білмеймін,— деді басын шайқап.

— Әйтпесе, оны біз өсіреміз. Оны сен екеуміз өсіреміз.

— Қойшы-ей!— деді Олақ нанар-нанбасын білмей. Танауын тартып қойып. «Осы шын айтып тұрма» дегендей көзінің астымен қулана қарады.

— Рас. Көмектессең сені де қосамын,— деді Ақан.

— Ал, қалай өсірмексін?

— Айтсам, ешкімге айтпайсың ба?

— Түу, өзіңе не болған. Қашан айттым,— деп кейіді Олақ.

— Ну, ладно, жүр ендеше кеттік. Мен саған жақсылап түсіндірейін...

— Біз,— деді жолшыбай,— алма мен өрікті бірден өсіретін боламыз. Жәшігін де, топырағын да әзірлеп қойдым. Алманың да дәнін таптым. Тек

Соңы. Басы өткен номерлерде.

өріктің сүйегі ғана болмай тұр... Сен міне, осыған көмектессең...

— Мен қайдан табамын? — деді Олақ.

— Қайдан білейін, ойласайықшы.

— Таптым! — деді Олақ кенет қуанып.

— Қайдан? — деді Ақан елең етіп.

— Мектептен.

— Мектептен?

— Ия. Биология кабинетінен.

— О — о! — деді.

— Е, бір-екі дәнді қайдан білмек. Ешкім де білмейді. Қазір онда ешкім жоқ. Жүр, сабаққа дайындалғазы келдік дерміз біреу сұраса.

— Ол да дұрыс екен. Бірақ, ә, мейлі... тәжірибені тоқтатуға болмайды.

## 7. КІМ СЫНДЫРДЫ?

Мақсұт келгенде класс ішінде үлкен бір әңгіме туған еді. Балалардың көбісінің жүздерінде абыржу нышаны байқалады. Раушанның көзі шарасынан шығып, астыңғы кірпігінің ұшына таңғы шық тәрізді бірер жас іркілген. Бір шетте Ақан мен Олақ тұр. Ақанның реңі құп-қу. Аурудан жүдеген адам тәрізді. Көзінде әсте күлкі ойнап, езуінде күлкі үйіріліп тұратын Олақ та салмақтана қалыпты. Топ баланың ортасында Жомарт. Қалың қабағы түксиіп, мұртын ширатып тұр.

Стол үстінде бір шеті сынған жәшік қырындай жатыр. Іштегі майда қою топырақ ернеуінен аса төгіліпті.

Осы бір көрініске танданған шыраймен Мақсұт жақындап келді. Жақындай бере-ақ:

— Мынаны кім сындырған? — деді үрейлене дауыстап.

— Оны өзің білерсің, — деді Ақан мырс етіп.

Мақсұттың көзі бажырайып, аузы ашылған күйі қалды.

— Сен не... дейсің? — деді ол сөзді әрең айтып. Қатты ашуланғанда тұтығып кететін әдеті бар-ды.

— Өзің білерсің, — деді Ақан көзін сығырайтып. — Мына, қарындаш сенікі ғой.

Ол басына жез кигізген, көк түсті қарындашты ұсынды.

— Ия, менікі. Жоғалтып алып ем, сен қайдан таптың?

— Әрине, мұндайда жоғалтады емес пе, — деді Ақан мысқылдап.

Мақсұт, мынау не деп тұр дегендей, балаларға қарап еді, олар бұдан көзін аударып үндемейді. Раушан түйіле қарап қалған. Жәшіктің сынғанын өзінен көріп тұрғаны санасына жаңа ғана кірген Мақсұт бойын ыза кернеді. Көз жанары ызғар шашып, екі беті алабұрттанып түтігіп кетті. Ол жұдырығын түйініп алып, Ақанға қарай жылжыды. Ақан бұл айбатқа төтей алмағандай, шегіншектей берді.

— Сен.. сен, — деді Мақсұт тістеніп. — Сен мені..

— Мақсұт! — деген қоныр дауыс тежеді оны. Бойына қорғасындай зіл салмақ құйғандай, аяғы тапжылмай қалды. Қарс тістеніп алған. Демін ауыр, алқына алып тұр.

— Мақсұт! — деді Жомарт. — Сабыр.. бері кел.

Мақсұт Ақанға ата бір қарады да, мұғалімге бұрылды.

— Кеше қайда болдың? — деді Жомарт.

— Күндіз сабақта, кешкісін кітапханада, — деді Мақсұт бірге болдық дегендей Раушанды нұсқап.

— Түстен кейін биология кабинетінде болдың ба?

Мақсұт басын шайқады.

— Үлкен үзілісте болдым.

— Кіммен бірге?

— Онда бәріміз де болдық, — деді осы кезде бірге оқыйтын Әсма деген қыз.

Жомарт ойланып қалды. Мақсұт сындырды дегенге жүрегі дауаламайды. Ал, сындырмады десе, қарындаш. Бұл неге түскен, қайдан барған? Осы екеуі ойын мазалайды. Қыйын да, шым-шытырық. Баланы орынсыз кінәлауға да болмайды. Нақақ жаланың өршіл талапқа дақ, ақ көңілге жара салуы ықтимал. Ал, сындырғаны рас болса?.. Осы екеуін ой тартысына салып, екшейді. Арпалыс. Қайсысы ақ, қайсысы қара. Айыру қыйын.

— Сонымен түстен кейін болғаным жоқ де?

— Сенсеңіз болғам жоқ. Бірге болдық, айтсын, — деп тағы да негімен Раушанды нұсқады.

Мақсұттың қарындашын әлгінде биология кабинетінен Ақан тауып әкелді. Томат өсіріп қойған жәшіктің сынғанын да сол жариялады. Жүгіре келіп үнілген Раушанның көргені күні кеше ғана өзіне тән қош иісін аңқытып, жасыл жапырағын қолдың саласындай тарамдата жайып келе жатқан жас томаттар, өрмекшідей жыйырылып, отқа күйген терідей бырысып қалыпты. Сұлулық ажарынан айрылып құр сүлдесі қалған. Тамыры тартылған кәрі қол секілді. Кейбірінің сабағы сынып сіңірге ілінгендей. Енді бірі жаншылып быж-тыж болған.

Раушан шыдай алмай жылап жіберген еді.

Ал, енді оны сындырған Мақсұт деуге, өзгені қойғанда, Раушанның жеке басы иланбайды. Оның үстіне дәл кеше сындырды дегенге Раушан дауласа алады. Кеше үйге бірге қайтып, сабаққа да бірге әзірленіп, кітапханада да бірге болды. Түн ішінде келіп терезеден түсті дегенге қалай нанарсың? Тіпті, олай ойлаудың өзі де ойға сыйымсыз, күлкі емес пе? Раушан Ақанның сөз еміреуін танып бірден қарсы шығар еді, іркілу мәнісі бар. Ол түндегі жай. Мақсұт оны қатты ренжітті. Тіпті өзімен сөйлеспес те еді, енді міне нақақ жалаға ұрындыруға ары жібермеді оны.

— Мұны сындырған Мақсұт емес, — деді Раушан батыл сөйлеп. — Мақсұт күні бойы бірге болды..

Жомарт әбден ұғынды. «Мақсұт ақ, ал, қарындаш.

— Ал, қарындаш ше? — деді Ақан езеуреп.

«Ия, қарындаш?» Раушан да сәл қысылғандай, жалтақтап Мақсұтқа қарай берді.

Раушанның сөзі емес, ақ ниеті соншалық мол әсер еткен еді Мақсұтқа: «Қандай жақсы еді. Адал еді?» Оның көзінде ризалықтың тартымды да әсерлі ұшқыны тұрды.

— Қарындашты мен жоғалтқанмын, — деді Мақсұт.

Жомарт әбден ұғынды. «Мақсұт ақ. Ал, қарындаш. Мұнда бір мән бар», — деп түйді ол ойын. Оның байыбына әзірге жету қыйын екенін, күрмеуі көп, бұрысы мол, тұңғыйық көмескі екенін сезінді.

— Тынышталындар, — деді Жомарт қолын көтеріп. — Қазір сабақтарың басталады. Мақсұт, жәшікті алып, маған ілес.

Жәшікті көтерген Мақсұт есіктен шыға бергенде, Ақан көзі аларып тапжылмай тұрған Олақты нұқып қалды да, «Бәлеме сол керек» дегендей жымың етті. Олақ тыржыйып сырт бере берді.

Марттың шуақты күндерінің бірінде саяқатқа деген әзірлік те аяқталды. Демалыс күні таңертеңгісін Жомарт пен Мәдина бастаған балалар жолға да шықты.



Қолхоздың бау-бақша бригадасы «Қызыл қыя» деген кең аңғарлы сайдың ішінде болатын. Өткен жылы шешесімен ілесіп бір-екі бармақ болып ниеттенсе де, орайы келмеген Мақсұт бұл саяқатқа іштей қуанды да... Атағы ауданға жайылған осы бау-бақшаны көруге ынтығы арта түскен.

Әлгінде ол, поселоктен шыға бере, бытырап топ-топқа бөлінген балалардың артын орай жүрсе де, енді бір-екі дөңестен асқан кезде алып ұшқан көңіл алға сүйреді. Раушан бастаған бір топ қыздар сол алдыңғы топта келе жатқан еді. Олардың күлкісінің өзі мөлдір бұлақ суындай сылдыр қағады.

Көп ұзамай-ақ бұлар «Қызыл қыяның» жотасына да жетті.

Жапырағы жерге төгіліп, құр бұтақтары сыйдйған ағаштар, ашаланып тарбыйып қалған. Жел қағып, аяз сорып, күн қақтаған бұтақтардың қабыршықтары қатайып, қаракүрең тартқан. Көктемдегі жасыранқы, солқылдақ емес.

Балалар басына шүберек байлаған сырық, кішкентай қол ара, қайшы тағы да басқа аспаптар ала келген еді. Күн ілгері жұмыс жобасын жоспарлағанды. Сондықтан да келген бойда аңтарылған жоқ, іске кірісті. Бірі ағаш бұтақтарын өрмекші торларынан, құрт ұяларынан тазартып, әр бұтақты шүберекпен ақырын сыйпап өтсе, енді біреулері қураған бұтақтарды қол арамен кесе бастады. Беталды кескілемей, зақым келтірместі ойлайды.

Омар қарт өзін жыйнақы ұстап, салқын сабырмен шет жақтағы ағашқа беттеді. Балалардың көмекке келгенін ұнатса да, әлі де күдігі бар. Әсіресе, олардың келе сала емін-еркін қыймылдағанына секем алған. «Бала ісі шала. Бүлдіріп қоймаса игі еді? Бекер-ақ келтірген екем».

Омар қарт шеткерірек ағаштың түбінде жүрген Мақсұттың қасына келді. Бұл кезде Мақсұт үлкен бір бұтақтың ашамайын шүберекпен сүртіп жатыр еді. Ту сыртынан келгендерді байқамады. Қыймылы

тез, әрі епті. Осы іске әбден машыктанып алған шебер тәрізді. Омар қарт іштей сүйсініп тұр.

Дәл осы сәтте, күтпеген бір жай болды. Мұның өзі Омар қарттың ашуын сыртқа тепкізіп, Мәдинаны аса қатты теңселтті.

Ол былай еді:

Балалар әр ағаштың түбіне бөліне бастағанда, Ақан мен Олақ бір топқа шықты. Алғашында осы топта Раушан да болды. Даудырлаған Олақты көз қырынан шығармайын деді ме, әлде солармен бірге болуды қалады ма, өз тобынан сытылып шығып біраз жүрді. Іргелес ағаштың түбінде жүрген Мақсұттың қасына Омар қарттар келгенде, көзі соларға түсіп көңілін таңсықтық билеп кетті. Бармайын десе де аяғын ілгері бастырып жетелей түсті. Жылжый-жылжый барып қалғанын да аңдамады.

Қастарынан Раушанның кеткенін көрген Олақ, жымың етіп Ақанды жетелей сүйреді.

— Ей, қайда? — деп еді Ақан.

— Үндеме. Жүр, анау ағаштың түбіне барайық. Қойшы сол Раушанды. Сөйлетпейді де, ойнатпайды да. Есебі, тақылдауды ғана біледі, — деп тыржыя қолын бір сілікті.

Ақан да қарсы болған жоқ. Раушанның қасынан кетуге өзі де сылтау таба алмай тұрған. Әйтседе, Мақсұттың қасына Омар қарттардың келгенін көргенде, әлдебір жалын ішін шарпып өткендей болды. Жалтақтай берді. Олақ әй-шайға қарар емес. Ұстаған бойы дедектетіп барады.

Тарбыя өскен үлкен бір алма ағаштың қасына келгенде, Ақанды жібере салды да жүгірген бойы барып, бір бұтаққа асыла кетті. Лезде атқа мінгендей үстіне отырып та алды.

— Ха — ха...

Өзінше мээ-майрам. Аяғың салбыратып жіберіп, секеңдеп қояды. Бұтақ дір-дір етеді.

— Кел, шық.

— Қой, көріп қояр, — деді Ақан.

— Бәсе, қорқақ едің ғой.

Олақтың өзіне тікісін сөз қатуын естуі алғаш. Шымшып алды.

— Мен бе қорқақ? — деді Ақан реңі суына, қасына жетіп келіп.

— Сенсің, — деді Олақ сұқ саусағымен нұқып қалып, күлген бойы. — Сенсің.

Ақан күйіп кетті. Реңі бір қызарып, бір суынды.

— Сен шынымен айтып тұрсың ба?

— Есебі, шыным. Ха.. ха. Энегүні жәшікті Мақсұт сындырды деп, артынан қорқақтап кешірім сұрағаның ше?..

Ақан мұнан әрі сөзге келмей, ырғып барып, Олаққа жармаса кетті. Ойы, бірден жұлқып түсірмек. Бірақ, қыймылын аңдып тұрған Олақ, бауырымен ағашқа жабысып, қапсыра құшақтап алды.

— Ер болсаң, аударып ал, — деп сықылықтап күлді.

Ақан тістеніп тұрып, бар пәрменімен жұлқып тартып қалып еді, ағаш бұтағы сықыр етіп барып, опырыла сынды. Ақан жібере салғанмен, иіле түскен бұтақпен бірге Олақ та етпеттей құлады.

Екеуі де көздері бажырайып, үндей алмады. Жалма-жан ұшып тұрған Олақ бұтақ түбінің әлі де ілініп тұрғанын көріп көтеріп сүйеп қоймақшы болып еді, былқ-сылқ етіп ілінбеді. Ақан қалшыйып қатып қалған. Қоз шарасы кенейіп, жанары дөңестене шырып кетейін деп тұр. Жұқа ерні дір-дір етеді. Бетінде қан-сөл жоқ. Осы тұрысы Олаққа бір түрлі аянышты көрінді.

Ағаш Олақ та қорқып кетті. Бірақ, болары болған соң бекінген. Ұрыс еститінін білді. Соған мойын сұнып, өзінше әзірленді.

Омар қарт келе сала бұтақты көтеріп алып, Ақанға алара қарады...

Осы сәтте қарттың көз алдына уылжып піскен қызыл алмаларды әлдекім қадірін білмей шашып тастағандай елестеді. Енді бірде қусырыла семген алмалар мұңлы өтінішін, шерін айтып тұрғандай көрінді...

\* \* \*

Күн еңкейе, қайтар кезде, бұтақ жайлы әңгіме тағы қозғалып кетті.

Олақ әңгіме соғып, балалар күле тындап озыңқырап келе жатқанда, артқы жақтан Раушан қуып жетті. Аңқылдаған Олақты көріп қиліге кетті.

— Ағашты сындырып, жұртты ұятқа қалдырып, тағы да күлесін,— деді ызалы кескінмен.

— Есебі, күлмегенде ше,— деді Олақ қызарақтап.

Балалар ду күлді. Раушан ыңғайсызданып қалды. Алғарак бара жатқан Мақсұттың қасына келіп:

— Өзін үйірмеден шығару керек! — деді тістене.

— Кімді?

— Олақты.

— Неге?

— Тәртіпсіз. Ағаш сындырды. Қайтіп мичуринші болмақ!

— Онда Ақанды да шығару керек,— деді Мақсұт салмақпен.— Нағыз тәртіпсіз сол...

Раушан иығын секең еткізіп:

— Қорғаған түрін кара,— деп сырт берді.

## 8. ОЛАҚ ШЫНЫН АЙТТЫ

Раушан бұл мәжіліске түйініп келді. «Олақты қайткенде де үйірмеден шығару керек». Мақсұттың оны кеше ілестіріп келіп, бақшаны төңіректете жүгері еккені ұнамады. Соңғы күндері Раушанға ерсі мінез шығарып жүр. Ағаш оны елемейін деп еді, енді ол елемейтіндей. Осыған назаланады.

«Үйірмеге оқу озаты қатысуы керек. Басында неге ойламадық екен? Олақтың үштігі бар. Бұл да оны үйірмеден шығаруға себеп емес пе? Онан да сынға әзірленсін. Бәрібір ол үйірмеде ешнәрсе бітірмейді». Ой түйіні осы. Дәлелі де бар, бәрі негізді.

Үйірме мәжілісінде Раушан осының бәрін өте бір қызулана айтты. Төргі столдың қасында отырған Мәдинаға ауық-ауық көз тастай отырып, ол сәл жымыйып басын изеген сайын, жадырай сөйледі.

Бір қызығы Олақтың жүзінде қысылу жоқ. Қасындағы отырған Мақсұтқа күлімдеп қойып, әлдебір нәрселерді айтады. Мақсұт та жайнап.

— Олақ,— деді Раушан енді Мақсұттар жаққа бұрылып.— Неге, күлесің? Сені айтып тұрмын. Ұялсаң етті. Тіпті, бетінде қызыл бар ма? — деп даусы қатқылдана, қадала сөйледі де, төрде отырған Жомартқа қарап.— Менің ойым, Олақты үйірме құрамынан шығару керек.

Отыра кетті. Пысынағандай, дәптермен бетін желпіді.

— Кім сөйлейді тағы да? — деген Жомарттың қоныр даусы естілді.

Раушан «айтсайшы» дегендей Ақанға қабақпен белгі берді. Ақан байқамағансып көзін тайдырды.

— Маған сөз беріңізші,— деді осы кезде Мақсұт қолын көтере түрегеліп.

Жомарт басын изеді.

Мақсұт асықпай, әуелі отырғандарды бір барлап алды. Құлағында әкесі айтатын бір сөз тұр: «Шын достық бар да, жалған достық бар. Достық мәнсап үшін емес, адамгершілік, ынтымақ үшін керек. Қадірлілігі де сонда», — дейтін ол кісі. Мақсұт сөзді осыдан бастады.

— Осында бәріміз де доспыз. Танданба, Раушан, мен де сенің досыңмын. Солай деп білемін. Ал, біздің арамызда жалған дос бар. Бәлкім, ол қатесін білмес. Міндет — түсіндіру.

«Ол кім?» дегендей балалар елең етісті. Кейбірінің көзі Олаққа қадалды. Мәдина да қадала қарап қалыпты.

— Оны айтпас бұрын, әуелі әңгімені Олақтан бастайын,— деді Мақсұт күлімдеп қойып.

Балалардың бәрі тына қалған. Олақ та үнсіз. Мақсұттың аузын бағып отыр. Осы соңғы үш күннің ішінде оның ой дүниесі жаңғырғандай еді.

— Шынын айту керек, Олақта көптеген кемшілік бар...— деп бастап Мақсұт Олақтың оған сыр ғып айтқан Ақанмен арадағы жайды қозғады.

Осы кезде орнынан ұшып тұрған Ақан:

— Жала! — деп айғайлап жіберді.

— Жала ма,— деді орнынан ұшып тұрған Олақ.— Жала дейсің ғой, ә? Қарындашты кім тастады? Өрікті кім ал деді. Көрсетші сол тәжірибенді? Үндемейсің бе? Мақсұтты жамандайтын кім? Кәне, айт! Раушанды не деп ең, оны да айт!

Барлық көз Ақанға қадалды. Бәрі әлі де нанар-нанбасын білмей танырқай қараса, көбінің жанарында «рас па, мұның қалай?» деген сұрақ пен реніш тұрды. Жомарт мұртын сыйпап, басын шайқады. Мәдина реңі бір қызарып, бір сұрланды. Раушан болса көзі бажырайып, мөлііп қалған...

... Көктем күні неткен тамаша еді! Дүниенің бәрі балбырап, балқыған тәрізді. Самал желінің лебі жібекше жұмсақ. Арықтағы сулар да лайдан арылып, күмісше жылт-жылт етіп, бұрандай сылдыр қағады. Арық жиегі көк өрнекпен көмкерілгендей. Мектептің төңірегі масатыдай құлпырып кетті. Аяқпен басуға аяйсын. Сонау Көктөбенің биік шоқысы алыстан жалтырап, жазғы лагерьдің ақшатыры секілді оқшаулана көрінеді.

Ақтастының аузынан баяу суық леп есіп тұр. Бірер күн бұрын жауған жаңбыр суы тартылып, сінген жер әлі дымқыл. Көк шөптің басында мөлдіреген жауын тамшылары тиіп кетсең сынаптай сырғып жерге тамады.

Балалар мектеп ауласына күн шыға бергенде келді. Үлбіреген алқызыл шапағы шашырап, дүниеге мол сәулені, таусылмас нұр әкеле жатқандай. Сонау бір боран күніндей емес, балалар асығып-үсіккен де жоқ. Күректерін иыққа салып, жеңіл киініп, желпінген көңілмен жыйналды.

Топ-топқа бөлінген балалар жерді қазуға да кірісіп кетті. Көп ұзамай-ақ жас ағаштар қазылған шұқырларға отырғызылып, мектеп ауласында қатарлана сап түзеді. Ертең-ақ бұлар бүршік жарып, жасыл желегін төгілтіп ауланы әсем гүл-бақшаға бөлейді.

Жасыл жапырағы жайқалған жас ағаштардың арасында бұлар демалып, серуен құрады.

Соңы.

Редакциядан: С. Сарғасқаевтың бұл повесі қысқартылып басылды.



## „Байқа, фото“

Әңгіме

Қаланың шет жағындағы, бір кварталды тегіс алып жатқан жеміс бақшасының жуан сом темірден оюлап иіп жасаған үлкен қақпасы алдында биік бағана бар. Оған қағылған почта жәшігінің хат салатын қақпағы, бүгін де күндегіше, сан рет ашылып, сан рет жабылды.

Жеті-сегіз жастағы, жеңіл киінген бір ер бала осы жуан бағананың қасындағы арамен түзулей кескен ағаштың үстінде отыр. Бұл араға келгелі шамасы бір-екі сағаттай өтті білем...

Бақша ішінде қою бурыл сақалды, сәл еңкіштеу бір қарт адамнан басқа ешкім көрінбейді. Ол бағана бақшаның осы жақ басында еді, содан бері әлі жүр. Жеміс ағаштарының әр түбін зер сала бақылай, әлде нені ойланып тұрып қалады. Отырған балаға таяу келгенде, көзілдірігінің үстінен кішкентай өткір көздерін қадай өтеді.

Уақыт өтер емес. Бала көшенің бұрыла берісіндегі төрт қырлы бағанаға жанасалай орнатылған үлкен сағаттан көзін алмай біраз қарады. Сағаттың ұзын тілі, анда-санда бір селк етіп алға жылжып қояды.

— Балақай, біреуді тосып отырсың ба? — деді кенеттен көзілдірікті шал бақша ішінен.

— Ә, ие, — деп күмілжіп қалған бала, тосын сұрауға жауап бере алмай, сасқалақтап орнынан тұрып кетті. — Ата, мен жай әшейін..

— Жай әшейінді қой. Сен отырғалы қанша уақыт өтті. Күн кешкіріп барады, жауын астында қаласың, бар үйіңе. — деді, аспандағы қою бұлтқа шалқая қарап.

Расында, бұл кезде дала қараңғыланып, ымырт түсе бастаған еді. Бұлт жамылған аспан беті сүреңсіз-ақ. Көшедегі қозғалыста сирей берді. Әр жерден жауын келе жатқанын сезіп, жүгіре басқан адамдар бір қылт етіп көрініп қалады. Бірақ, бала бұл арадан ұзамады. Көшенің екінші жағындағы жуан теректің түбіне барып жайғасты. Өзіне осы отырған орны өте ыңғайлы сыяқты: жауын тамшыларын ағаш жапырақтары оған жібермейді, әрі оны ешкім байқамайды. Өтіп жатқан машиналарды теректің айырбақай бұтағының арасынан көріп отыруға болады.

Оның бұл ойы дұрыс болып шықпады. Әуелі сіркірей басталған жаңбыр уақыт өткен сайын күшейіп, жауын бір жауса, теректің жапырақтары екі жауа бастады. Жуан бұтақтардың кедір-бұдыр қабығының боймен ирелендей аққан сулар көрінеді.

Бала, қатар екі ағаштың арасынан басын сұғып, келесі көшеден бұрылған машинаға қарай беріп еді, жоғарғы жағынан сұп-суық тамшы сорғалай ағып, жып-жылы мойнын мұздатып тітіркендіріп жіберді. Ол мойнын ішіне тыққан бойы артынан шыққан жуан дауысқа ерінгендей баяу бұрылды. Үстіне төне қарап тұрған дождевикті адамға көзі түскенде, селк ете қалды.

— Не ғып отырсың жауын астында? Бағана үйіңе бар дегенім қайда!

— Ата, атай...

— Жок, бар үйіңе, — деді күзетші түсін суытыңқырап, оның сөзін де тыңдамастан. Қолынан жетелеген бойы бір аз ұзатып артынан күбірлей сөйлеп қала берді. «Түсінбеймін. Жынданған ба, әжептәуір бала секілді. Дені дұрыс адам жауын астында отыра берер ме».

Орнынан тұрған бала, амалсыздан үйіне қарай ақырын басып, артына қарайлай келе жатыр. Жұқа көйлегі су болып қатты тоңғанын жаңа сезді. Қанша батылданайын десе де, астыңғы тістері үстіңгі тістеріне тиіп, сақылдай бастады.

Осы кезде оның қасынан «ГАЗ-67» өте шықты. Үстінде шоферден басқа бір әйел

отыр. Марат көзімен ұзатып салып тұрып қалды. Соңынан жүгіргісі де келді. Бірақ, көрінген машинаның артынан жүгіре берудің реті жоқ-ау. Әйткенмен, машина қашан бақшаның қасынан өтіп кетпейінше, оның жүрегі алып ұша берді.

Газик ызғытқан бойы бағанаға қағылған почта жәшігінің қасына жеткенде бірден тоқтай қалды. Тормоз арқылы жерге сүйретіле тоқтаған доңғалақтарының сыр еткен дауысына дейін анық естілді: Сыз-ш-ш.

Бала не істерін білмей, біресе алға ұмтылып, біресе кідіреді. Машинаның ішінен шыққан, қолында хат жыйнайтын арнаулы қапшығы бар әйел бағанаға жақындай бергенде, бала солай қарай әлде не деп айғайлай жүгіре жөнелгенін өзі де байқамай қалды. Бірақ, қатты жауған жауын суылы мен жақын жерде өтіп жатқан бос трамвайлардың қаңғыр-күңгір салдырынан оның даусы ешкімге де естілер емес. Әйел ішіне қайта енісімен машина орнынан жылжып кете барды.

Жаңа ғана жарқ ете қалған баланың үміті келесі көшеден бұрылып, көрінбей кеткен осы бір машинадай лезде ізін жоғалтты. Машинаның әлгінде тұрған орнының бұрынғы қалпы қайта орнады. Тек қана, бағанадан көзіне жылы көріне беретін почта жәшігінде енді түк қасиет қалмағандай сезіледі.

Бос жәшіктің осындай көңілсіз түріне ренжи қарап, сылбыр аяндап келе жатқан ол, бақша решеткаларының қасында әрлі-берлі жүрген күзетшіні көргенде бір-ақ тоқтады. Күзетшінің тандана қараған көзі өзіне түскенде, не алға жүрерін, не кері қайтарын білмей сілейіп тұрып қалды.

Биік бағана басындағы электр шамының жарығынан жыпырлай жауған сан миллион жауын тамшылары жылт-жылт етіп анық көрінеді. Сәуле астында жерге сұлай жатқан күзетшінің рабайсыз ірі көлеңкесі бұрынғысынан да зорайып, әрі ұзарып оған жақындай берді. Жарықтан бері қарай келе жатқандықтан ба, қап-қара көлеңке басқан түкті беті бұрынғысынан да ызбарлы адамның түсін елестетеді.

Күзетші, осы баланы әлгіде ғана көрсе де, ол емес шығар деп күманданғандай, бетіне еңкейіп, тесіле қарады. Анық сол бала.

— Тағы сен бе?.. — деді не айтарын білмей. Апырай, бұл бала шын жынданған екен деген ой келді. Әйтпесе, бұл арадан айналшықтап шықпайтын несі бар. Егер ондай

болса сөйлеген сөзінен белгілі, сынап көру керек:

— Қай жаққа барасың, бала? — деді еңкейген бойын жаза беріп.

— Осында, осы жерге келіп едім, жаңағы машинадағы...

— Бұл жерден не алмақшысың. Қарағым, есің дұрыс па өзіңнің? — деді, тағы да еңкейіп, құлағын оның аузына тақай.

Бала үндемеді. Тегі есінің дұрыстығын сұрағанды кек алып қалса керек. Бұған енді не деп сұрақ берсе болар екен. Түсініксіз жай одан сайын тұмандана түсті. Жоқ, бұл баланың бұлай жүрісі тегін емес. Анықтау керек. Осы арадан қуғанмен үйіне кететін бұл жоқ. Және жауын астында мынадай жеңіл киімімен қалдыруға да болмайды ғой.

Қашып кетпесін дегендей баланың қолынан мықтап ұстап алған күзетші, бақшаны аралай жүріп, қалың жапырақты ағаш ішіне орнатқан кішкентай ағаш үйшікке келді. Бұл жер, қараңғы түндегі көрінісі суық болғасын ба, әлде бұл араға неге келгенін түсінбегендіктен бе, балаға қорқынышты көрінді. Мұнда неге келдік дегендей, жүзін ашық көрмесе де, күзетшінің бетіне қарап та қойды.

Үйшікке кірген күзетші өзіне белгі орнынан сіріңке алып тұтатты. Әлсіз жанған ши қараңғылықпен жылжып келіп, жабайылау жасай салған стол үстіндегі бір затқа тіреді. От тиісімен лып етіп жанған май шам жұқа фанералы тар бөлме ішіне алакөлеңке сәуле берді.





Үстінде төсеніштер бар нардың төр жағында әлгі бала отыр да, есік жақ бұрышында күзетші өзі отыр.

Ол қалтасынан көлемі жарты метрдей қонырала орамалды алып, бетіндегі жауын суын сұртті. Қатты бір сіңбіріп:

— Ия, балақай, сенің атың кім өзі? — деп тілге келді.

— Марат... Сіздің атыңыз кім болады? — деді Марат та қымсына.

— Александр Трофимович, — деді күзетші баланың кекілінен сыйпап.

Мараттың қатал ма деп ойлағанындай емес, күзетшінің қазіргі жүзі өте жылы.

— Туғандарың бар ма?

— Б-бар — деді, оны неге сұрады дегендей Марат тандана қарап. — Папам бар, мамам бар. Бірақ папам қазір үйде емес.

— Ал, бұл жақта неге жүрсін. Адастың ба?.. Бірақ осындай жігіт те адаса ма екен!

Күзетші сұрау берген сайын, бұл неғылған бала екен деп Мараттың әр қыймылын көз қыйығымен байқауда.

Иә, бұл адамға енді шындықты айтпай болмайды.

\* \* \*

Жағдай былай болған еді. Бұдан бұрын, күндіз бақша жанындағы почта жәшігінің алдына Марат келген-ді. Ол, әуелі жан-жағына сабырмен көз тастады да, содан кейін асықпай қолтығындағы кітабының арасынан көк конвертті алды. Өзінің ірі, әдемі етіп жазған адресімен оң жақ жоғарғы бұрышындағы «Осторожно, фото» деген жазуынан көз алмай қарап күлімсірейді. Аяғының үшімен көтеріліп, биік жәшіктің тесігінен әрең түсіре бере, қыймай тұрғандай қайтадан алды да ақырғы рет қарады.

Жол бойы Мараттың есінен, әкесіне жіберген жаңағы тұнғыш хаты шықпады. Оның бұрышындағы «Осторожно, фото» деген жазуды оқығанда папам қандай қуанар екен. Конверттің желімін ашып жіберіп, не бір жағынан жыртып, ішіндегі фотокарточканы жарқ еткізіп суырып алғандағы кезді айтсайшы. Почтальон хатты жұмыс уақытында апарып берсе ғой, оның жолдастары да жыйналып көреді. Мамамның қасында отырған мені, мынау менің балам деп таныстырар еді.

Осындай бір-біріне араласқан шым-шытырық нешетүрлі қуанышты оймен, ол үйіне де қалай жылдам жеткенін білмей қалды.

Марат бөлме ішіне мақтанышпен енді. Біразға дейін ештеңе істей алмай терезе алдында жымыя күліп тұрды. Бұдан былай хатты үзбей жазып тұратындығы туралы өзіне-өзі сенім де беріп қойды.

Міне қызық, Мараттың өңі жазу столына отыра бере өзгеріп кетті. Әлденеден шошығандай көзі бір нокатқа түйіліп, қыймылсыз отыр. Арқасынан жеңіл ғана ине жүріп өткендей сезілді.

Стол үстіндегі гүл егілген құмыраға шешесі мен өзі түскен сурет сүйеулі тұр. Әлгінде ғана хаттың ішіне салып, әкесіне жөнелткені қайда бұл суретті.

Марат, қолы сәл дірілдей, фотоны алып сыртына қарады. Ия, анық сол. «Папа, мамам екеумізден сәлем!» деген жазуына дейін сол күйі. Сурет жағын қайтадан ашып қарап еді, шешесінің күле қараған мейрімді көзі өзіне тура қадалып «Балам, мұның не?!» деп тұрғандай болды.

Суретті көйлегінің ішіне қалай болса солай сала салған Марат үйден асыға шықты.

Ол бақшаға қарай жүгіріп келеді. Жәшіктегі хаттарды почта қызметкерлерінің машинамен жүріп жыйнап алатынын Марат күнде көретін-ді. Оның бар ойы сол адамдардан өз хатын сұрап алу. Олай етуге болады емес пе?

Бақшаға жеткенше оның басынан кетпеген өкініш: «Хатты алғанда папам қатты алданып болды-ау, қап?...»

Қазір күзетшінің үйшігінде отырған Марат Александр Трофимовичке көйлегінің ішіндегі шетіне су тиген суретті де алып көрсетті.

Александр Трофимович әуелі сенерін де, сенбесін де білмей отырды да, оның анасы екеуі түскен суретін көргенде рақаттана жуан даусымен қарқылдап тұрып күлді.

— Ай, баламысың деген. Саған далада тұрып кім хат береді деп ойладың. Бүйтпесендер сендерді бала деп те атамас еді-ау.

Соншама уақыт жауын астында отырармысың. Тағы бір хат жазып ішіне мына суретті салып, сыртын авиамарка жапсырып жіберсең ғой болды. Ол ана хатыңнан бұрын барады. Ай-ай, баламысың деген, — деп күзетші тағы да күлді.

Мараттың қуанғаннан беті дуылдап кетті. Ол тіпті хатты олай салу жолын білмейтін де болатын.

*Сәкен Жүнісов.*

Көкшетау облысы.

# ОЛАР КОЛЛЕКТИВ НАМЫСЫН ҚОРҒАЙДЫ

Бесінші кластағылар өткен жылғы бір оқыйғаны ұмытпайды. Оларды бұрынғысынан да тату-тәтті еткен сол бір жағымсыз жай еді.

Оқуда да, тәртіпте де, пионер ұйымындағы пайдалы еңбектерде де мектеп көлемінде озат аталып жүрген бұл коллектив оқу жылы аяқталудың дәл қарсаңында үш-төрт екілікке душар болып, басқалардың алдында ұятқа қалды. Өзге кластар мектеп өміріндегі ең жауапты кезең — емтиханға қызу әзірленіп, өткендерді жақсы пысықтаумен, етек-жеңін біраз жыя түссе, төртінші кластағылар қайта арқауын босатып алды. Быйыл алғаш рет емтихан тапсыратынын ескермеді...

Оқу жылының аяғында кластағы жыйырма сегіз оқушы тегісімен емтихан тапсыруға жіберілсе де, жоғарыда айтылған екіліктердің зардабы тимей қоймады. Коля Химчук пен Болат Иманғалиевтің төртінші тоқсанның аяқ кезінде алған екіліктері жай әншейін кездейсоқ баға емес, олар кейбір өткен материалдарды тайыз, үстірт ұққандарын емтихан айқын көрсетті: Болат пен Коля орыс тілінен емтиханда да екілік баға алып, күзгі сынаққа қалдырылды.

Жолдастары жаз қызығын тамашаласа, жақсы тынығып спортпен шұғылданса Коля мен Болат уақытының көбін орыс тілінің түрлі ережелерін оқуға, оларға мысалдар жазып жаттығуға, септеулерді еске түсіруге жұмсауына тура келді. Бұл екі оқушы тек өздерінің ғана емес, сонымен қатар, бірге оқыйтын бірсыпыра жолдастарының да уақытына ортақтасты. Жолдасына кімнің жаны ашымайды, олар Болат пен Коляның күзгі сынақтан жақсы өтіп, өздерімен бірге бесіншіге көшуін тіледі. Бұлар тек тілек білдіріп қана қойған жоқ, өздерінің қымбатты уақыттарын бөліп, өткенді пысықтауға көмектесумен болды. Салақтықтың салдарынан күзгі сынаққа қалған бұл екі оқушы жазда сабақты қайталап жүріп үлкен ұятқа қалғанын, көстенше бейнетке ұшырағанын әбден ұқты. Күзгі сынаққа қалу бір бұлар үшін ғана емес, бүкіл класс үшін үлкен қасірет болғаны оларды мазасыздандыра берді.

— Егер сынақтан өтіп сендермен ілесе алатын күн болса, өмірі салақтық істемеспін, — деп жүрді Болат.

Қазір Иманғалиев пен Химчук төрт жыл

бірге оқыған жолдастарымен бесінші класта оқып жүр.

Жақында осы кластағы пионер отряды достық, жолдастық тақырыбына арнап жыйын өткізді. Жыйынның негізгі өзегі: достық пен жолдастықты қадірлеу, тегіс жақсы, отлично оқу, совет елі пионерінің ардақты атына кір жуытпау еді. Жыйында пионерлер ұлы адамдардың жолдастық пен достықты қалай жоғары бағалағанын айтты, совет халқының табиғатты өзгерту жолындағы достық, бірлік үлгілерін көрсететін мысалдар келтірді. Олар өздерінің де сол үлгілерге сай болып өсетіндіктерін білдірді. Бұл үшін пионерлер жақсы-жақсы ұсыныстар жасады.

Әсіресе, Коля мен Болаттың ешбір бүкпесіз жүрек сырын ақтара айтқан сөздері жолдастарын қатты сүйсіндірді.

— Былтырғы оқу жылының аяғында Коля екеуміз күзгі емтиханға қалып қойғанда бүкіл отрядтың біздер үшін қандай қайғырғанын жақсы білеміз, — деді Болат. — Емтихан кезіндегі сәтсіздікке жасып қалмай, күзгі сынаққа мойымай әзірленуімізге, сөйтіп сабақты ойдағыдай тапсыруымызға коллективтің қамқорлығы, достардың болысуы үлкен көмек болды. Сондықтан мен коллектив алдында көп нәрсеге борыштымын. Бұл, ең алдымен, жақсы оқып, коллективтің абройына дақ түсірмеу...

Болат та, Коля да жолдастарының алдында берген серттеріне берік. Оқу жылының бірінші тоқсанын оның екеуі де жақсы аяқтады. Екілік бағалар енді бұлармен біржола қоштасқан. Өйткені бұлардың күнделікті оқуында, тәртібінде екіліктерге ешбір жол қалдырылмаған. Бұл — коллектив алдындағы жауапкершілікті терең сезе білгендіктің нәтижесі.

Коллективті сыйлау, коллективтің атақ-абройы үшін күресу — мұндағы әрбір пионер үшін қатал заңға айналған. Себебі коллективтің өзі әрбір мүшесін осыған баулып тәрбиелейді.

Отряд советінің председателі Люда Лазаренко бізге осы класта болған мына бір қызық жайды айтты.

Вера Уткина мен Вова Федотов бірінші тоқсанда екілік баға алды. Вера — басқа жақтан быйыл ғана келген оқушы. Мінезі ұстамды, орнықты, зерек, тәртіпті қыз. Қоғам жұмысына да белсене қатысады. Коллективке жа-

ңадан келген кейбір оқушыда болатын әдеттер — ұялшақтық, шеттеп тұйық жүру Вераның бойында болған жоқ. Ол коллективке тез араласып, шүйіркелесіп кетті.

Вераның былтырғы оқу жылында ұзақ сырқаттанып, арифметикадан парталастарынан қалыңқырап қойғанын білгеннен кейін, жолдастары оны айыптамады, қайта көмек көрсетіп, түсінбей жүргендерін түсіндіруге тырысты. Оқу отличниктері Тұрсын Ұзақова, Ира Моргун Вераның үйінде болды, бірігіп отырып сабақ әзірледі, түсінбегенін ұғынуға жәрдемдесті.

Ал, өздеріне бұрыннан сыры белгілі, қабілетті, үздік оқыйтын Вова Федотовтың географиядан екілік алуы бүкіл коллективтің наразылығын туғызды. Бұрын анау-мынауды онша елең қылмайтын, мәселеге көп араласа қоймайтын «момындардың» өздері де Вованы едәуір айыптап, сын тағып жатты.

— Сенің бүгін екілік алғаның мүлде кешіргісіз. Нашар баға алмақ түгіл, кілең төрт пен беске оқуға қабілетің жетеді,— деп айыптады Вованы жолдастары.— Сабаққа әзірленбей келіп, нашар баға алуың — салақтығыңды, сабақты ала оқыйтындығыңды, коллективті сыйламайтындығыңды, оның намысы үшін күреспейтініңді көрсетеді.

Вова жолдастары тура бетіне айтқан әділ сынынан ешқандай бұлтара алмады, үйге берілген тапсырманы орындауға салақ қарағанын мойындады.

— Бұл жолы менің басымда болған үлкен кемшілік,— деді Вова,— мұғалімнің география

сабағын жақында ғана сұрап, маған бестік баға қойғаны. Сонан соң қайталап сұрай қоймас деп ойлап қалдым.

— Сен тек баға үшін оқыйтын ба едің? — деп бірнеше дауыс қосарлана шықты.

— Баға үшін емес. Бұл менің ең үлкен қателігім екенін мойындап тұрмын ғой,— деді Вова одан әрі қысылыңқырап,— бұдан былай күнделікті сабақтың бәрін де кезінде мұқият оқып, жете түсініп отырамын...

Отряд советінің председателі мысалға келтірген осы бір мына бесінші класс коллективінің өте ұйымшылдығын, біреуі үшін бәрінің және бәрі үшін біреуінің үлкен жауапкершілігін сезінетіндігін аңғартады.

Пионер сөзі — берік сөз! Оның сөзі мен ісінде ешқандай айырма болмасқа тиіс. Мұны бесінші кластағы отряд пионерлері тегіс есінде сақтайды. Әрбір оқушы өзінің ұйымшыл коллективінің намысы үшін күреседі.


Мектепте жақсы жабдықталған мастерской бар. Оны қажетті құралдармен жеткілікті жабдықтауды негізінен мектеп оқушыларының өздері жүргізді. Мұнда әсіресе жоғарғы кластардың оқушылары шеберлік көрсетті. Дегенмен, бесінші кластағылар да қолдарынан келген құралдарды әзірлеп, мастерской жабдығының молая түсуіне атсалысты.

Мұнда политехникалық білім алу ісі жақсы жолға қойылған. Класс жетекшісі Анастасья Ивановна Григорьеваның басшылығымен оқушылар колхоздың өндіріс бригадаларына, Алматының өнеркәсіп орындарына, колхоз мастерскойына экскурсиялар жасады. Экскурсия-

ларда оқуда алған білімдерін практикада көріп, түсініктерін молайтты.

Міне, ұйымшыл коллектив өзімен өзі ғана болмай, колхоз өміріне, мектеп өміріне осылай белсене араласып отырады. Бұл оқушылардың белсенділігін арттырады, іскерлікке баулыды, еңбекке ынталандырады.

Алматы ауданындағы «Луч Востока» ауылшаруашылық артеліндегі мектептің бесінші класс оқушылары оқуда да, еңбекте де үлгі көрсетіп, өз коллективінің намысын осылайша қорғайды.



«Луч Востока» мектебінің бір топ оқушылары.

Ф. Хателов.

# ИЛЬИЧТИҢ БАЛАЛЫҚ ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМ ШАҒЫ

Н. К. Крупская

Илья Николаевич халық қараңғылығына, құлдық зардабына қарсы жан-тәнімен арпалысқан ірі қоғам қайраткері еді, бірақ ол өз заманының перзенті болды; балалары Александр мен Владимирді сонша қобалжытқан жайлар, Чернышевскийдің айтқан жайлары — помещиктер қалай қаласа, солай өткізілген 1861 жылғы реформаның сыр-сыйпаты, жер құнының төлемдері, шаруалар қолындағы шұрайлы жерлерді тіліп алу — оған онша қобалжу салған жоқ: оған II Александр бостандық патшасы болып көрінген. II Александрды өлтіріпті деген хабар келгенде, Илья Николаевичтің қалай күйзелгенін, мундирін киіп алып, соборға жаназаға кеткенін Ильич еске түсіріп айтып қоятын. Ол күнде Ильич он бір жасар ғана болғанмен, II Александрдың өлтірілуі сыяқты, айналадағы елдің бәрі гуілдесіп кеткен, бәрі сөз қып жүрген оқыйға жасөспірімдерді де еліктірмей қоймап еді. Ильич, өз сөзі бойынша, осыдан кейін саяси әңгімелердің күллісіне зейін қойып, құлақ түрген.

Ильич әкесіне жіберліген балалар журналдары мен кітаптардың бәрін, соның ішінде «Детское чтение» — ні оқып отырыпты. Ол кездегі балалар журналдарында Америка туралы әлі көп жазылушы еді (1861 жылдан 1865 жылға дейін Оңтүстік штаттарда негрлердің құл болуын жою үшін Солтүстік штаттардың Оңтүстік штаттармен күрес жүргізгені; күрестің, капитализмді кеңірек дамыту үшін жол аршу мақсатында бола тұра, бостандық жолындағы күрес жалауын жамыла жүргізілгені мәлім), Түркиямен соғыс туралы, Балқан жақтары туралы көп жазылушы еді. Сол секілді Ильич ағасынан да кітаптар алып тұрған. Ильичпен бір класта оқыған Кузнецов естегісін айтқанда, Ильич әдебиеттен шығарманы ылғи өте жақсы жазушы еді дейді. Ильич гимназияда оқып жүрген тұста оның директоры болған — Ф. М. Керенский (эсер, 1917 жылғы Уақытша үкіметтің премьер-министрі А. Ф. Керенскийдің әкесі); әдебиет сабағын берген де соның өзі еді. Барлық шығармалары үшін Керенский Ильичке ылғи бестік қойып береді екен. Бірақ біржолы, шығарманы қайырып беріп жатып, ол Ильичке наразылық үнімен: «Сіздің мұнда езілген таптар деп жазғаныңыз не нәрсе осы, не керегі болды оның бұл араға?» — депті. Шәкірттер Керенский Ульяновқа шығармасы үшін қандай баға қойды екен деп ынтығады. Сөйтсе, соның өзінде де бесеу қойыпты.

Ульяновтың семьясы үлкен — үрпе-шүрпе алты балалы болған. Бұлар егіз қозыдай, жұп-жұбымен өскен-ді: үлкендері — Анна мен Александр, ортаншылары — Владимир мен Ольга, ақырында, кенжелері — Дмитрий мен Мария. Ильич Ольгамен өте дос болды, к'шкентай күнінде сонымен ойнады, кейін келе екеуі Марксті бірге оқыды. Ольга 1890 жылы Питерге Жоғары әйелдер курсына аттанған еді, сол жерде 1891 жылы жазғытұры сүзектен қайтыс болды.

Революционер болып өсіп, Ильичке өте күшті әсер еткен — Александр. Үлкендердің әуесі — «Искра»<sup>1</sup> ақындары еді. — Крепостнойшылдық заманының

тұрмыстағы, салттағы сарқыншақтарын ерекше бағыра келекелеген, «масқараның, жауыздықтың, пәленің күллісін» — төрешілдікті, жағымпаздықты, көкімпаздықты көрсетуге талпынған чернышевскийшіл зқындар (ағайынды Курочкиндер, Минаев, Жулев және басқалары) өздерін осылай деп атаған. «Искра» ақындарының жария да, жасырын да өлеңдерін өзінің де өлең жазары бар Анна Ильинична өте-мөте көп білетін. Олар оның өмірі жадынан шыққан жоқ; өмірінің соңғы айларында, сал аурудан тұралап жатқан күндерінде, әдетте мен қызметтен келісімен екеуміз шайға отырамыз, мен әңгіменін бетін «Искра» ақындарына бұра жөнелемін, бұл туралы ол әрдайым ықыласты сөйлейді, сонда мені оның ерен күшті зейінділігі, есте сақтағыштығы қайран қалдырушы еді. Сол кездегі озық интеллигенцияның бірқатар сүйікті өлеңдерін жатқа білетін. Ильич екеуміз Сибирьде айдауда болған кезімізде мені қайран қалдырған нәрсе — «Искра» ақындарының өлеңдерін ол қандай көп біледі десеңізші!

«Искра» ақындары сонша мысқылдаған пасық өсектерді, былшыл қысыр сөздерді, ағасы Александр сыяқты, Ильич те иттің етінен жек көретін. Бөлмелеріне толып жатқан немере, туыскандарының әлдекімі кіріп келгенде екеуінің айтатын сүйікті сөзі: «Бізді өзіңіздің көрінбеуіңізбен бақытты етіңізші» деуші еді. Александр Ильич өзін діни көзқарастың түбін қазымырлайтын жаратылыстық мақалаларымен қызықтырған Писаревті қатты оқыды. Писарев ол кезде оқуға тыйым салынған-ды. Он төрт-он бес жасқа келгенде, Писаревті Владимир Ильич те мықтап оқыды. Турасын айтқанда, керек десеңіз, Добролюбовтың өзі де 1856 жылы діннен әлі мүлде қол үзбеген болатын, ал Илья Николаевич физиканың оқытушысы, метеоролог болғанына қарамастан, өмірінің ақырына шейін дінге сеніп кетті. Балаларым дінге сенбей кетеді-ау деп қорқушы еді ол. Александр Ильич ең алдымен Писаревтің ықпалымен шіркеуге баруды қойған. Бір жолы Илья Николаевич түскі ас үстінде Сашаға: «Сен бүгін түн намазына барасың ба? — деп еді, ол: «жоқ» деп шорт кесіп, морт жауап берді деп еске алады Анна Ильинична. Содан былай мұндай сұрақтар қойылмайтын болған. Ал, Ильичтің айтуында, оның он бес жастарға келген кезінде бір күні әкесімен бірге бір педагог отырады, онымен Илья Николаевич балаларының шіркеуге нашар баратынын сөз қылады. Әңгіменің бас кезінде қатысып отырған Владимир Ильичті әкесі бір тапсырыспен жұмсап жібереді. Және Ильич, оны орындап келіп, қастарынан өте бергенде, қонақ жымыйып Ильичке қарап «Сойып, сойып алу керек» депті. Біза болған Ильич енді діннен ат құйрығын үзуге, біржолата үзуге, белбайлаған; қораға жүгіріп шығып, өзі әлі күнге дейін тағып келген кресті жұлып алып, лақтырған жерге.

Александр Ильич табиғатшы болып алды, Питерге, университетке, оқуға аттанып кетті. Революцияшыл жұмысқа беріліп, оны Анна Ильиничнаның өзінен де жасырып, ол соңғы жазда, үйге келіп түскенде, бұл туралы тірі жанға тіс жармаған. Бұл екі ортада Ильич өз басында жаңа туған ойлары туралы біреумен сөйлесуге ынтық еді. Ол гимназиядан бұл туралы сөз сөйлесерлік тірі пенде тапқан жоқ.

Жалғасы. Басы өткен номерде.

<sup>1</sup> «Искра» — ақын В. С. Курочкиннің редакциялауымен 1859 — 1873 жылдары Петербуртта шығарылған орыстың мысқыл журналы, бағыты жағынан Чернышевскийдің идеялық басшылығымен жұмыс істеген «Современник» журналына ұқсас — Аударушы.



«Біз бұл жолмен жүрмейміз».

Оның әлдеқалай бір айтқанында: өзінің бір кластасы оған революционер ниетті болып көрініп, онымен сөйлеспек болып, Свягаға барайық деп уәделеседі. Бірақ әңгімелері болмай қалған. Гимназияшы мамандық таңдау туралы айта бастапты; тәуір қызметке орналасуға, мәнсапқа жетуге көмектесетін мамандықтың басын ұстау керек деп соғыпты. «Мен: — мынауың бір мәнсапқор неме ғой, революционер емес деп ойладым — сөйттім де онымен дәнеңе сөйлеспей қойдым» — деуші еді Ильич.

Ағасы соңғы жазда Володямен әңгімелесуден сырғақтаған; Сашаның буын құрттар туралы диссертацияға дайындалып жүріп, таң сәріде тұратынын, құзғын сәріден құрттармен машакаттанатынын, соларға байқау жасайтынын, микроскоппен жұмыс істеп, тәжірибелер жасап жүргенін көретін ол: «Жоқ, ағамнан революционер шықпайды» деп ойлайтын. Өзінің қалай қателескеніне кешікпей көзі жетті оның. Аға тағдыры оның өзіне орасан ықпал жасады.

Ильичке әке мен аға ғана ықпал еткен жоқ, оған анасының да әсері өте күшті болған. Мария Александровнаның шешесі — неміс те, әкесінің тұқымы Украинадан еді; ірі хирург дәрігер болған және

медицина майданында жыйырма жыл жұмыс істеп, Қазаннан қырық шақырым жердегі Кокушкино деревнясынан кіші-гірім үй салып алып, шаруаларды емдеп жатқан. Мария Александровнаны ол оқу орындарының ешқайсысына да бергісі келген жоқ, ол үйде оқыды, тамаша музыкашы болды, кітапты көп оқыды, өмірді білді. Әкесі оны үлкен тап-тұйнақтайлыққа баулып еді, ол жақсы шаруакер болып өсті, кейін өзінің қыздарын да шаруашылыққа үйретті. Ерге шыққан кезінде, бала-шағалары көбейе бастаған шақта оған күш көп түсті. Ильич Николаевичтің жамақысы әрең-әрең жететін; Ульяновтардың үй ішінде болған жаннат-жайлылық пен тап-тұйнақтылық — күллі балалардың алаңсыз, тынақты оқуларына мүмкіндік берген, балаларға бірсыпыра мәдени әдеттерді сіңіруге мұрша берген жайлылық пен тап-тұйнақтылық болу үшін көп жұмыс істеу керек еді.

Балалардың оқуына Мария Александровна, Ильичтің әкесі тәрізді, зор назар аударды, оларды неміс тіліне үйретті; кейін Ильич өзін төменгі кластарда неміс мұғалімінің қалай аузынан тастамай мақтағанын жымыйып айтып отыратын. Бертінде Ильич тілдерді, тіпті латыншаның өзін үйренуге өте әуес болды. Меніңше, Ильичке соншалық тән ұйымдастырғыш талант оған шешеден едәуір мирас болды-ау деп ойлаймын.

Оның үстіне, кіші балалардың қамын қалай ойлау керектігі жөнінен үлкен балаларына анасының өзі өнеге берді. Ол балалардың ғажап жақсы көретін өлең хорын ұйымдастырды, олармен ойын ойнады. Ильич те қаршадай күйінен інісі мен қарындасының қамын ойлаған. Бұл жөнінде Мария Ильичична мен Дмитрий Ильичте сақталған қызықты естелілер тамаша көп. Ол ойынға белгілі бір ұйымшылдық енгізе білген және ойын кезінде кішкентайларға соншама жұмсақ, соншама абай болған.

Кішкентай балаларға бұл қамқоршылдық оның балаларға деген келешек көзқарасының баршасына із тастаулы. Оның олармен ойын салуды, әзілдесуді жаны сүйетін, бірақ мен өмірі оның балаға қатыгез болған жерін көрген емеспін, басқалардың да қатыгез болғанын сүймей кетті, ешуақытта ол, кейде бір картиналарда мүсіндеп жүргендері секілді, балаға ақылгөйсiген жан емес.

Ол балаларға өзі бар өмірін сарп еткен істің өрістететушілері деп қарайтуғын. Жас балалармен мылжындасып отырып, жауап күтпей, әншейін өз ішіндегі сезімін білдіріп: «Сен ғой ержетесің әлі, коммунист боласың, рас емес пе?» — деуші еді. Оның балаларға қамқорлығы қандай зор болғанын; олардың тамағы, оқуы туралы, олар үшін өмірді нұрлы, бақытты етуге қандай қамқорлық жасағанын; оларды өздеріне жеңіс үшін қажет болатын білімдермен, осы заман техникасы талап ететіндей, баспен де, қолмен де жұмыс істей білу өнерімен қаруландыруға қандай қамқорлық жасағандығын жұрттың бәрі біледі.

Ильич әрқашан анасын жанындай жақсы көруші еді, бірақ қаралы күйік жылдарында ол оны бұрынғыдан әрі қадірлеген. 1886 жылы Ильич Николаевич қайтыс болады, сонда анасы сонша сүйген, сонша құрмет тұтқан қосағының қазасын қандай ерлікпен көтергенін Ильич маған айтқан болатын. Бірақ Ильич, әсіресе, аға қазасынан кейін анасының сырына терең үңіле түседі, анасын біле түседі. Александр Ильич, шаруалардың өміріндегі ауыртпалықты, айнала болып жатқан барша сұмдықтарды көріп, патша өкіметімен күресу керек деп белбайлаған. Ол — Ильичтен төрт жас үлкен бола тұра, соның өзінде

1881 жылдың бірінші мартын өзгеше сезіммен бастан кешірген, оның оқыйғаларға көзқарасы бөлек еді.

Питерде Александр Ильич «Халық еркі» («Народная воля») партиясымен жақындады, сөйтіп III Александрды өлтіру қамына белсене атсалысады. Өлтірудің сәті түспеді. — 1887 жылғы бірінші мартта басқа жолдастарымен қоса өзі тұтқындалып қалды. Александрдың тұтқынға түскені туралы хабарды Симбирскіде мұғалім Кашкадамова алып, ол оны Ульяновтардың үйіндегі ержеткен бала (ол кезде он жетідегі) Ильичке береді. Анна Ильинична ол уақытта Питерде, жоғарғы әйелдер курсына оқуға болатын еді, ол да тұтқындалып қалады. Бұл сұмдық хабарды анаға Ильичтің естіртуіне тура келген. Ол анасының жүзінің жүдеп кеткенін көрді. Ана тап сол күні Питерге аттанбақ болған еді. Ол заманда Симбирскіде темір жол жоқ-ты, Сызраньға шейін атпен бару керек болатын, ол қымбат еді, сол үшін жүрушілер, әдетте, жолсерік іздейтін-ді. Ильич анасына жолсерік іздеп, зыр жүгірді, бір-ақ



Ленинге ескерткіш.

Александр Ильичтің тұтқындалған хабары бүкіл Симбирскіге демде жайылып кеткен, осының алдында ғана директордың әйелі, жесірі десіп, бәрі мақтап келген Ильичтің анасымен ешкімнің бірге жүргісі келмеді. Кешегі келгіштердің бәрі, азатшылсымақ «қауымның» күллісі Ульяновтардың үй ішінен аттонын ала қашты. Ана қайғысы және азатшылсымақ интеллигенттердің үріккені он жеті жасар жасөспірімді қайран қалдырған. Анасы жүріп кетті; Ильичтің Питерден не хабар келеді деп зәресі жоқ, әсіресе ойлағаны — кішкене балалардың қамы, өзін өзі бекем ұстады, сабақ оқыды. Ол осыдан былай көп ойларды қайта толғаған. Ол үшін Чернышевский жана ша сыпатпен көрінді, ол жауапты Маркстен іздейтін болды; «Капитал» арасында болатын, бұрын Ильичке оны түсіну қиыны соғып еді, енді аға қазасынан кейін ол оны жаңаша зерттеуге кіріскен. Ағасын сегізінші майда өлтірді. Бұл қаралы хабарды алғанда Владимир Ильич: «Жоқ, біз ондай жолмен жүрмейміз. Жүретін жол ол емес» — деген. Мұның алдында ұлы мен қызы үшін іздене келген шешені ұлына жолықтырған еді, осы жолығу оны күйзелтіп жіберіпті. Ол баласын кешірім сұрап арыз бер деп азғыра бастап еді, бірақ бала өзіне: «Апа, мен бұны істей алмаймын, бұл адалдық болмас еді» — дегенде, ол одан әрі азғырмады, қоштасып жатып: «Қайраттан!» деді. Сотқа барды, баласының сөйлеген лебізін тыңдады.

Анна Ильиничнаны полицияның бақылауына шығарып, Қазанның қасындағы Кокушкино деревнясына жер аударған. Мария Александровна өзгеріп кетіпті, балаларының революцияшыл әрекеті жүрегіне жылы тиеді, балалары да оны ерекше бір ыстық жүректерімен аймалайды.

Ол 1899 жылы Владимир Ильичті Енисей губерниясынан шетелге немесе Питерге жақынырақ бір жерге ауыстыруды өтініп, Петербургке барғанында, оған полиция департаментінің директоры Зволянский: «Балақайларыңызға мақтануыңызға болады: біреуі дарға асылды, екіншісін де арқан сағынып күтіп тұр» — деп кекетіпті. Сонда Мария Александровна түрегеліп алып, бағалы басы еңкеймей: «Я, мен мақтаным етемін балаларымды» — деген екен (бұл туралы осы әңгіменің басы-қасында болған М. Б. Смирновтың «Советский Юг» газетіндегі өз естегілерінде жазғаны бар). Ильич анасы туралы, оның қажыр күші қандай зор болғаны туралы талай айтушы еді, бір ретте: «Әкенің ағам тұтқындалмай тұрғанда өлгені жақсы болды, егер әкем тірі болған болса, тіпті көзім жетпейді — не болған болар еді» — деген. Сонсоң Мария Александровнаның сырын менің өзімнің де аңғаруыма тура келген болатын, оны мен 1895 жылы алдын ала қамау үйінде ауырып жатқан Ильичпен жолығуға келген кездерімізде көріскенбіз, мен Ильичтің оны сонша жақсы көретін себебін сол жолы ұққан едім. Мария Ильинична жыйнап, бастырған «Туған-туысқандарға хаттардың» ішінде оның анасына деген хаттарының әрбір жолында балалық махаббаттың және шығарда жаны басқалық сезімнің лебі бар.

Ананың үлгісі Ильичке әсер етпей кете алмаған, ол қаншама ауыр күйік жұтқанмен, белін бекем ұстады, емтихандарды үздік тапсырып, гимназияны алтын медальмен бітірді.

Жаздығүні Ульяновтар Қазанға көшкен, Ильич бір кезде өзінің әкесі оқыған Қазан университетіне түсіпті.

Аударған И. ЖАРЫЛҒАПОВ.

# Мяу-мяу мен кірпі



Мағзұм Тиесов.

Сәуленің әдемі ақ мысығы болды. Ол тамақ сұрағанда «мяу-мяу» деп сұрайтын еді. Сондықтан Сәуле өзінің мысығын Мяу-мяу деп атайтын.

Бір жылы жаз айында Сәуле көп пионермен бірге лагерьге демалуға барды. Ол орман ішінен кірпінің кішкене баласын ұстап алды. Сәуле әлгі кішкене кірпіге сүт беріп, ет беріп асырады. Өзіне арналған ыдыстан сүт ішуге, ет жеуге кірпі де дағдыланды. Бірақ көп баланы көрсе, ол қорқып жүрді. Қасына Сәуледен басқа біреу жақындаса, кірпі өзінің кішкене тонына оранып жата қалады. Сол бөтен адам кеткенше, ол қозғалмайды. Балалар оның өтірік өліп жатқанына: «Өзі пәле!»,— деп күлісіп жүрді.

Үйрене келе кішкентай кірпі өзге балалардан да қорықпайтын болды. Жыйырылып жата қалуды да қойды. Ол — ол ма, енді ойнайтынды шығарды. Балалар жінішке арқан үзігін шарғы жіпке байлап сүйретсе, кірпі оны жүгіріп бара жатқан кесертке екен деп қуатын болды.

Сәуле үйде жүргенде бір нәрсені жінішке жіпке байлап сүйретсе, оның Мяу-мяуі де әлгі жіпке байлаған нәрсені тышқан екен деп қуатын еді, кәдімгідей ойнаушы еді.

— Мен енді мұны Мяу-мяумен бірге ойнатамын,— деп Сәуле лагерьден қайтқанда асыранды кірпісін де үйге ала қайтты.

— Бұл үйдегі Мяу-мяуге менің сыйлығым. Мяу-мяу мұнымен ойнайды,— деді ол балаларға.

Үйге келген соң Сәуле өзінің Мяу-мяуге әкелген сыйлығын кішкене чемоданнан шығарды.

— Мяу-мяу, мен мынаны саған әкелдім! Ойнай ғой, ойнай ғой! — деп ол кірпіні еденге жіберді.

Ойнау қайда. Мяу-мяудің көзі ежірейіп, арқа жүндері тікелей кетті. «Бұл қайдан келген дұшпан?» — дегендей ол гү-гүр етіп еденнен кроватьға, кроваттан жастықтың үстіне секіріп шықты. Жастықтан шкафтың төбесіне атылды. Сол арадан едендегі кірпіге жолбарысша атылмақшы болып, қымың-қымың етті. Бірақ әшейін айбат шеккені болмаса, бұрын таныс емес дұшпанына бірден тап беруге бата алмады.

Бұл екі арада Сәуле кішкене тарелкаға сүт құйып әкелді. Әкелген сүтін ол кір-

пінің алдына қойды. Кірпі тарелкадағы сүтті іше бастады. Мяу-мяу бұдан әрі шыдап тұра алмады. Өзінің күнде сүт ішіп жүрген тарелкасынан енді мына дұшпанның сүт ішіп жатқанына ол қатты ашуланды. Шкаф төбесінен ол оқша атылды. Атылған бойы кірпіні бассалды. Кірпі қарсыласпады. Ол тек өзінің үстіндегі тікенді тонына оранды да, домаланып жата кетті. Бірақ ол тыныш жатпады, бүлк-бүлк етіп, ысылдап дұшпанына тікенін қадап жатты. Мяу-мяу оны тастай сала, кроватьға қайта секірді.

Кірпі сол домаланған бойы кешке дейін жатты. Жатқан себебі Мяу-мяу оның мұрнын тырнап алған екен.

Мяу-мяудің кірпімен жауласуы ұзаққа созылмады. Сәуле өзінің Мяу-мяуі мен кірпісін бір тарелкадан сүт ішуге дағдыландырды. Бірақ Мяу-мяу кірпімен сонда да дос болып кете алмады. Сөйтіп жүргенде бір күні мынадай бір оқыйға болды.

Мяу-мяу өзінің бұрынғы әдеті бойынша аулағарақ жерде тышқан аулап жүр еді. Онын бұл кәсібін Сәуле сырттан бақылап тұрды. Бір мезгілде Мяу-мяу, кенет, құйрығын көтеріп, арқа жүнін күрбитіп, олай бір, бұлай бір орғыды. Ол қатты күркіреп айбат шекті. Мяу-мяудің жылан көргенін Сәуле бірден-ақ білді. Ол кірпіні алып, майдан алаңына Мяу-мяуге көмекке барды. Келсе, бір жылан шыбықша шаншылып, ысқырып, Мяу-мяуді қорқытып тұр. Ал, Мяу-мяу қорқудан да құр емес.

Сәуле қолындағы кірпісіне жыланды көрсетті. Кірпі жыланды көріп, «жібер-жібер» пегендей тыпырлады. Сәуле оны қоя беріп еді, ол жүгірген бойы барды да, жыланды құйрығынан тістеді. Тістеген бойы өзінің тікенді тонына оранып жата кетті.

Күйрығы ауырған жылан өзінің денесімен домаланып жатқан кірпіні сабай бастады. Бірақ ол қанша сабаса да, кірпі елеген де жоқ. Аузына түскен құйрықты шайнай берді. Жылан оған түк істей алмады. Тікенді тонды сыртынан сабалай-сабалай ол өзі әлсіреді. Жылан әбден әлсіреген кезде Мяу-мяу оның арбағыш көзін тырнап кеп алды.

Бұл оқыйғадан кейін де бірсыпыра уақыт өтті. Ақылсыз Мяу-мяу өзіне кірпінің зиянсыз екенін түсінбеді. Бірақ ұзақ уақыт үйрене, дағдылана келе Мяу-мяу кірпімен мүлде тату болып кетті...

Ғафур Гулям

## ЖАС ДОСТАРҒА

Күзгі бір таңда  
Маужырап атқан,  
Ақ шашты атаң  
Жыр гүлін ашқан,  
Жас достарға  
Бұл жырды тартқан,—  
Жас түлектерге  
Жас жүректерге.  
Жас достарым —  
Май гүлдерім!  
Өткен ұрпақ,  
Саған теңер  
Қай күндерін?!  
Сендердей асыл,  
Болмаған нәсіл.  
Ленин көзі —  
Жас буын сендер!  
Сталин көзі —  
Жас бүгін сендер!  
Туған елде  
Жас өрімдер,  
Биік көкте  
Жұлдыз сендер!..  
Ғалым асқан  
Абу сана..  
Онан бүгін  
Сендер дана,  
Сендер алғыр

Бала жастан  
Барлық ғылым  
Есік ашқан.  
Көп іс күтед,  
Алдарыңда,  
Тыңды тіліп  
Жол салуға..  
Жай қанатты,  
Жастар, жайна!  
Көтеріліп,  
Көкте ойна!  
Қуанышқа  
Қойын ашқан  
Жастар келед  
Жалын шашқан,  
Көкірегіне  
Значек таққан  
Алғызылдана  
Таңдай атқан.  
Жарқын нұрға  
Жазам жырлар,  
Жас достарға  
Сұлу сырлар,  
Жыр төгілген  
Бар көңілден  
Жас түлектерге,  
Жас жүректерге.

Аударған Өтебай Тұрманжанов.



# Жаралы Жылан

Шабак Мұхамеджанов.

Май айының қоңыр салқын кешінде, иығымда мылтығым, көлден үйге қайтып келе жаттым. Күннің жана ғана батқан кезі еді, батыс жақтың қызылы әлі де сөнген жоқ-ты. Алыста өрістен қайтқан қала малдарының шаңдары бұрқырап көрінеді. Қаланың аржанынан әлгінде ғана көкпенбек болып көрініп тұрған теңіз беті, қазір ақшыл тартып, тақырдай жалтырап тып-тыныш жатыр.

Мен өзімнің бірталай оқ шығарып бір де құс ала алмай, құр қол келе жатқанымға көңілсіздене бастап, аяғымды алға қарай аттай бергенімде, жолымды кесіп өтіп жатқан шағындау ғана қарашұбар жылан көзіме түсе кетті. Жыланның алдында бір боз торғай тынымсыз шырылдап бір ұшып, бір қонып, оқтың-оқтың жыланның басына шүйіліп келіп қалады. Торғай басына шүйілгенде жылан сәл кідіріп, басын жерден көтергендей болады да, анау тік жоғары көтеріліп ұшып кеткенде қайтадан өзінің бір қалыпты иреңімен алға қарай жылжый түседі. Жылан алға қарай жылжыған сайын торғайдың шырылы әдеттегіден өзгеше естіліп жыланның басына төнуі де жиілеп, бір уақытта алдына барып құлай кетті. Жылан оның балапандары жатқан ұясына жақындап келіп қалғанын сонда ғана аңғардым.

Енді сәл кідірsem торғай балапандарымен бірге жыланға жем болғалы тұрғанын байқадым да, иығымнан мылтығымды ала сала жыланды көздеп тұрып атып жіберіп, көзімді жұмып алдым.

Көзімді ашсам, торғай жоғарыда қалыптағыдай шырылдап ұшып жүр де, жылан шыйыршық атып бұралып жатыр. Оқ құйрығының шамалы жерін жырып, етін қып-қы-

зыл қылып жалбыратып жіберіпті. Мен қасына келдім де ботинкамның табанымен басын езгім келіп тұрды да, осыдан бірнеше жыл бұрын оқып жүргенде, бір жыланнан қатты қорыққан уақытқа есімге түсті де, аяғымды тез кейін тартып алып, езгілемесем де өлуіне күмәнім болмай жүріп кеттім.

Ал, жанағы есіме түскен уақытқа да тап осындай май айының ішінде болып еді. Қолхоз мектебінде оқыттын шағым. Елдің қыстаудан шығып қонған кезі болатын. Біз бір топ бала жалғыз аяқ жолмен мектепке келе жаттық. Бір кезде алда келе жатқан бала:

— Ойбай, жылан! — деп жолдан жалт беріп қарғып шықты.

Айтқандай-ақ ұзындығы екі-үш қарыс шамасы, жуандығы білектей бұрын-сонды көрмеген, түсі бөлек, тығыршықтай жылан екен. Балалар шуылдасып: «ал, өлтірейік» десіп еді, ешқайсымыздың да қамшымыз болмай шықты. Және жуық манда жұлып алып ұратын бұтаның да ешбір түрі болмады. Жылан жолдың шетіндегі қалың шиеге кіріп кетуге таянып та қалған кезде, мен қолымдағы кітап салған сумкамен басынан баса қалдым да, бір қолыммен басынан, екіншісімен құйрығынан қысып ұстап, жерден көтеріп алдым. Содан кейін көп ойланбастан жақын тұрған бір балаға қарай: «мойынына салам» деп тұра ұмтыла бергенімде, әлгі құйрығынан ұстаған сол қолымдағы сумкам қатты бұлғалақтап кетіп, жыланның құйрығы қолымнан шығып кетті де, басынан ұстап тұрған оң қолымның білегіне шап етіп орала қалды. Қорыққаннан басын жіберіп қоя жаздап, еңіреп жылап та жібердім. Балалар анадай жерде әрқайсысы әр жерде үрпиісіп сексіп қатып қалыпты, маған жақын келер түрлері жоқ.

Мен, жалма-жан екінші қолыммен жыланның құйрығына жармасып жазып алып тастамақ болып әуреленіп жатырмын, бірақ онымнан ешнәрсе шығар түрі жоқ. Жазылу деген не, қайта білегімді қысып, ауыртып бара жатыр. Бұрынғы жылау — жылау ма, одан да үдетіп жібердім білем, маған әлгінде ғана жақындамай анадайдан қарап тұрған



балалар да жыламсырап қасыма келіп, жыланды олар да кезекпе-кезек жұлқылап көріп жатыр. Бұдан да еш нәтиже шықпады. Сөйтіп, бәріміз бірден азан-қазан болып жатқанымызда үстімізден орталықтан қайтып келе жатқан ауылдас Әли ағай шықты.

Ол білегімдегі оратылып тұрған жыланды көре сала, қасыма келіп бір тізерлеп отыра қалып, жыланның құйрығын тартып байқады да, басын шайқады.

— Сен енді байқа! Басын жіберіп қалып жүрме, мен енді бұған басқа шара қолданайын. Көрдің бе бұның мықтысын,— деді Әли ағай қынынан пышағын ала бастап. Содан соң бетіме қарады да: «көзіңді жұм» деп басымды қолымен теріс қарай бұрып қойды. Содан кейін балаларды да:

— Кетіндер әрі! — деп бәрін де алысырақ қуып жіберді. Мен басымды теріс қаратқан күйімде көзімді жұмып отырмын. Бір кезде Әли ағай:

— Жібер жыланның басын, — дегенде көзімді ашып жіберсем, қолымда жыланның басынан басқа дым қалмапты. Басқа жағын түгелдей кесіп алып тастапты. Кесіп жатқанын білмек түгіл, тіпті сезгенім де жоқ. Қолымдағы жыланның басына сәл уақыт қарап тұрдым да, құлашымды барынша керіп тұрып лақтырып кеп жібердім....

Жанағы жыланның басына аяғымды тигізіп тұрып кейін тартып алуымның тағы бір себебі, осы уақытқа есіме түскендіктен басын бассам, құйрығы аяғыма келіп оралып қала ма деп хауіптенгендіктен еді.

... Арада бір айдай уақыт өтті. Бір күні таңертеңгісін итім шабалап үріп, ертеңгі тәтті ұйқымды бұзып қоймаған соң ашуланып төсегімнен көзімді сыйпай атып тұрып итіме қарай тұра ұмтылдым. Итімнің алдында басын жоғары қайқаңдатып айбат қылып тұрған жыланды көргенімде ұйқым шайдай ашылып, тұла бойым қалтырап қоя бергені бар емес пе. Ұруға дым таба алмай, сасқалақтап қалдым. Сөйтіп жүріп шәйнекке сүрініп жығылып, су толы шәйнекті ала сала жыланды сонымен ұрып жықтым.

Сонда барып, итім үргенін қойып, қыңсылап аяғыма оралып еркелей бастады.

Өліп жатқан жыланның қасына келіп, құйрығының бір жақ шетінде әлі де жазылып біте қоймаған жаранын ізін көргенімде, төбе құйқам шымырлап қоя берді.

— Апырай! Шынымен сол жылан ба екен? — деп аң-таң болып, аңырып тұрып қалдым...

Кек алу үшін келді ме, әлде, кездейсоқ кездесу ме? Осы екі арасын айыра алмадым. Бұл сұрақ осы күнге дейін мазамды алады.

Арал қаласы.

## Володя Гармаш

*Болған әңгіме*

Самар астық совхозының ең кішкентай азаматы атанған қаймыжықтай сары баланы біз қырман басында кездестірдік. Былайша айтқанда, ана сүті аузынан, бесік табы арқасынан кетпеген балдырған Володяның әнтек ұяң, ұялшақ мінезі тал бойына сондай ұнамды. Өзі туралы бар айтқаны мынау-ақ:

— Украинада, Полтава облысы, Кашен-Киев ауданындағы Солошино селосында 1939 жылы тудым. Әкем Яков, анам Марфа, үлкен ағам Василий сонда тұрады, колхозшы, 1953 жылы комсомолға кірдім. Сол жылы Днепропетровск қаласындағы ФЗО мектебін бітірдім. Осы жылдың бас кезінде тың жерге өзім тіленіп келдім...

— Тың жерге сұранып келуіңе не себеп болды? — деп сұрадық біз одан.

Володя аласы аз көкшіл көзі күлімдеп, сар-

ғыш жұқа беті тершіп, салмақты пішінмен жауап берді:

— Отанды сүйген жүректің әмірі бойынша...

Біз Володядан совхозға келгелі атқарған жұмыстарының жайын сұрадық. Совхоз дирекциясы келген бетінде оны ауыр жұмысқа қосуға жасың жетіңкіремейді депті де, ол жұмсауға оңтайлы жеңілтек баланың қызметін атқарыпты...

— Білген кісіге,— дейді Володя,— жұмыстың жаманы жоқ... Кейбіреулер келген бетте-ақ көкірегін соғып, жұмыс таңдайды. Салған жерден рекорд жасап атақ алғысы келеді. Мен өзім кәдімгі елеусіз жұмыстан бастап, бірте-бірте өсуді қалаймын...

Ол бұл пікірін нақтылы мысалдармен дәлелдейді. Осы совхозда Вася Горбань дейтін аты-

шулы тентек бар. Жетінші класта ұдайымен үш жыл отырып, оқып береке таппайтын болғасын, тың жерге аттанып бара жатқан көптің арасына сынадай қыстырылып осында келінті. Директор «Қандай мамандығың бар?» деп сұраса, Вася тұрып, «Маған ешқандай мамандықтың керегі жоқ, мені өзім қалаған бір кеңсе қызметіне қойыңыз» депті. «Тракторшылар курсына барып оқып қайт» дейді директор. «Ол тәлкегіңізге көне алмаймын, айттым ғой, маған кеңсе қызметін беріңіз...»

— Сол Вася қазір тракторға жанармай тасу жұмысына әрең жарап жүр, — деп қынжылды Володя...

Араға бөтен сөз араласып кетті. Совхоздың почташысы жылмаңдаған шегір сары Богдан Землянюк біз отырған вагон-үйге жетіп келіп, мойнына асынып алған қара сумкасын еденге тастай берді де:

— Газет, журнал әкелдім, қызығыңдар, оқыңдар! Алыстағы өлкелерден аңсап сағыппып келген хаттарым да бар, — деп айғай салды. — Билеп жібер, Володя.

Ол екі жасыл конвертті қоса суырып алды.

— Биіңе қарыздармын, Богдан, осындамыз ғой, кейін есеп айырыса жатармыз, — деді Володя. — Әкел бермен хатыңды...

Богдан газет, журналдар мен хаттарды осында барларына үлестіріп берді де, жоқтарының төсектеріне бөліп қойып жатты.

Үзіліп қалған әңгімемізді қайта жалғағысы келді ме, әлде бізді тоқтатып қойып хат оқуға ұялды ма, кім білсін, Володя алған хаттарын жастығының астына тығып қойды.

— Үйіңді сағынбаған екенсің, Володя, — деді Богдан босаған сумкасын мойнына қайта асынып жатып. — Сағынсаң дереу ашып оқыр едің...

Жолдастары жан-жақтан қаумалай бастап еді, Володя бір конверттің шетін кішкентай бәкісімен қышып ашты да, хатты іштей оқып шықты.

— Не жазыпты? — деді шетте шұқшылып газет оқып отырған бадырақ көз, түрік ерін сары.

— Бәлсінбей айтсайшы, үйің не жазыпты? — деп, ұзынтура Лев Уасилаевич ерікке қоймай қылқылдай бастады.

Жұрттың бәрі Володяның уылжыған аққуба жүзіне, аласы аз сүйкімді көкшіл көзіне сұғына, сүйсіне қарайды.

— Аманбыз, тұрмысымыз жақсы депті...

— Амандығы жақсы ғой... Жаңалығы бар ма?



«Рославель» астық совхозында. Комсомол жастар бригадасының демалыс кезінде көркем әдебиет оқып отырған кезі.

— Неге сонша қузайсыңдар... Үйінен хат алған жалғыз сол ма екен? — деп, біреуі басу айтып келе жатыр еді, Богдан жымыңдап тіл қатты:

— Біздің Володяға үлкеннің де, кішінің де қызығып тұратын әдеті емес пе?.. Сүйкімді болсаң, саған да қызығар еді...

— Басқасы не керек. Бізге сәлем айтып па? — деді Уасилаевич.

— Сондай-ақ сен жер жүзіне аты мәлім атақты адам ба едің, сені олар қайдан білсін, — деп босағада етігін майлап отырған Жора Сердюк оны сөзбен іліп тастады.

— Жолдастарыңа жалынды сәлем жолдаймыз десе жетіп жатыр... Оның ішінде бәріміз де қамтылмаймыз ба? — деп Уасилаевич дес бермеді.

Уасилаевичтің тракторда прицепщик болып істейтінін, етік майлап отырған жас жігіт Жора Сердюк тракторшы екенін, ана газеттен көзін алмай құмартып оқып отырған түрік ерін семіз сары Иван Сенчило дейтін озат тракторшы екенін мана келген бетімізде-ақ біліп, танысқанбыз.

Володя жарқын күлімсереді де, хаттың бір жерін дауыстап оқыды. «Еңбектес жолдастарыңа, тың өлкесінің жас тұрғындарына бізден, Украина жерінен сәлем...»

— Айтам ғой, қатырып жазыпты, Володьяның еңбектес достары, тың өлкесінің жас тұрғындары мына біздерміз ғой,— деп өз кеудесін нұқып қойды Уасилаевич.— Қол соғындар, жолдастар...

— Сендер сәлемді қызық көріп осынша дуылдайсындар. Жіберген сәлемдемесі бар ма екен деп неге сұрамайсындар? — деді Володя қозғалақтап. Хаттың арасынан бір жапырақ газет кесіндісін суырып алды. Тегінде сәлемдеменің ең қымбаттысы осы болса керек...

— Ол не қағаз? Әкелші бері,— деді Уасилаевич Володяға төніп.

— «Радянська Украина» газетінің 1954 жылғы 2 сентябрьде шыққан номерінен кесінді... Мақаланың аты — Украинаның Ауылшаруашылық Академиясы... Өзі қып-қысқа... Қарсылық болмаса, тегіс оқыйын... «Кеше, жаңа ұйымдастырылған Украина Ауылшаруашылық Академиясында сабақ басталды. Академияда он факультет бар. Атап айтқанда, агрономия, агрохимия және жер қыртысын зерттеу, ауылшаруашылығын электрлендіру, орман шаруашылығы тағы басқа факультеттер жұмыс істейді.

Академия маман профессор-оқытушылармен қамтамасыз етілген. 44 кафедрасында Украина Ғылым Академиясының 30 толық мүшесі және ғылым докторлары қызмет істейді.

Академияның бірінші курсына 950 оқушы алынды... Олардың ішінде Чернигов облысының атақты комбайнері Украин ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Микола Бредюк, Кировоград облысындағы колхоз председателінің орынбасары Александр Халаявка және басқалар бар...

— Ойлап қараңдаршы,— деді Уасилаевич газет кесіндісінен көзін алмай,— мұны жіберулерінде бір мән бар...

— Академияға быйыл түсуге бәрібір кеш қалдық,— деді, етігін майлап болып, алақандай қызыл плюспен жалтыратып сүртіп жатқан Сердюк.

— Өзің дұрыстап айтшы,— деді Уасилаевич Володяға жақындай түсіп.— Газеттің кесіндісін құр салып жіберіп пе немесе мәнісін айтып жазып па?..

— Тегін салды ғой деймісің... Себебін айттып жазған шығар,— деп, манадан бері өзінің есеп-қыйсап қағаздарын аударып-төңкеріп, алақандай есеп шотын ара-тұра сырт-сырт қағып қойып отырған қырма сақал қарт адам сөзге араласты.

— Жазғанда қандай, Семен Иванович,—

деді Володя елпектеп.— Манадан бері таныстырмағанымды қарашы, кешіріңіздер, бұл кісі менің тікелей бастығым. Заготзерноның осы совхоздағы пунктінің басқарушысы — Золотов Семен Иванович...

Володя аз-кем үнсіздіктен кейін жалпыға естірте былай деді:

— Менің әкем мен шешем қызық жандар өздері. Газеттің кесіндісін жіберіпті. Ол туралы бар жазғандары — осы кішкентай мақаланы өзің оқы, жолдастарыңа оқып бер, жадыға сақтап жүр дейді.

— Менің ойымша,— деді Семен Иванович,— бұдан шығатын бір үлкен қорытынды бар ғой деймін.

Уасилаевич сөзді іліп әкетті:

— Бұдан шығатын бір ғана қорытынды — өсіп-өрбудің заңы бойынша, өрлеп барып Ауылшаруашылық Академиясына оқуға түсу...

— Екінші сәлемдемелері тағы да бар,— деп, оң қолын барынша көтере түрегеліп, ақ конвертті жұрттың бәріне көрсете ұстап тұрды Володя.

— Мұнысында да бір гәп бар,— деді Уасилаевич жымыңдап.

— Бұл,— деді Володя ойлы кезде аса салмақты бола қалатын мінезіне басып.— Бір кезде өзім оқыған бастауыш мектептегі оқушылардың сыйы... Хаттың текстін оқу және ішіндегі затымен таныстыру жөнінде Жора Сердюкке сөз беремін.

— Жолдастар, зейін қойып тыңдаңдар! Қазір мен сөйлеймін! Кешіріңіз, алыстан келген хат сөйлейді...— деп бастап, Жора оқый жөнелді: «Солошино селосындағы төртжылдық бастауыш мектептің оқушылары, біздер, ардақты жерлесіміз, мектебіміздің бұрынғы оқушысы Володя Гармашқа, оның еңбектес жолдастарына пионерлік сәлемімізді жолдаймыз. Тың жерлерді игерудегі еңбектеріңнің жемісті болуына шын жүректен тілектеспіз. Оқуды жақсы оқып, сүйікті Отанымыздың өнерлі азаматтары болып шығуға, өзіміздің пайдалы еңбегімізбен халыққа адал қызмет етуге уәдемізді береміз. Туысқанымыз Володя, біз саған арнап мына бір Украина мак гүлінің ұрығын жіберіп отырмыз. Өзіңнің бөлмеңе құмыра қойып егерсің. Көбейіп өнгеннен кейін ұрығын жолдастарыңа бөліп бер...» — Үшінші, төртінші кластың 32 оқушысы қол қойыпты.

— Бұдан шығатын қорытынды,— Жора мак гүлінің ұрығы оралған сары қағазды жазған күйі алақанына жайып тұрып,— гүлді қатырып тұрып егу керек... Пионерлерге бәріміздің атымыздан алғыс айтып жауап хат жа-

зу керек... Қарсылық болмаса, хатты мен жазайын.

Отырғандар сатырлатып қол соқты... Осындай қызықты, көңілді мәжіліске ұйтқы болғанына мақтанған, насаттанған Володя мыйығынан күліп, жолдастарына сүйсіне қарайды.

Осы әңгімеден кейін Володя бізбен кеңесіп отырып мынандай бір уақиғаны еске түсірді.

Елу төртінші жылдың көктемі. Володя ауданда ашылатын астық лаборанттарының курсына сұранып, директорға өтініш жазып берген. Володяның өтінішін қарап, өзін шақырып алып сөйлесуді директор партия ұйымының секретарынан өтінген.

Андрей Иванович Татаренко Володяның оқуға сұрақтан арызын тағы да ішінен бір рет оқып шықты да, оның парықсыз балалық шақтың жарасымды сыйпаттары кетпеген сұңғақ тұлғасын бастан-аяқ шолып өтті.

— Үйіңнен хат келіп тұра ма?..

— Әкем мен шешемнің соңғы хатын кеше ғана алдым,— деді ол төмен қараған күйі...

— Не жазады, тұрмыс күйлері жақсы ма екен?

— Аманбыз, тұрмысымыз өте жақсы, біз үшін уайым жеме деп жазыпты.

— Жіберген ақшаң қолдарына тиіп пе? — дегенде Володя қайран болып, оның бетіне қарады.

Володя совхоздан алған еңбек ақысынан жыйнап-теріп, әкесі мен шешесіне бір мың сом ақша жіберген. Оны Андрей Иванович біліп қойыпты.

— Мен бәрін де білемін, сенің чемоданыңдағы шешене арнап алып қойған жібек кейлекті де білемін,— деді ол күліп.— Дұрыс, әлпештеп өсірген ата-ананы ұмытуға болмайды.

Андрей Иванович совхоздың бар адамын бес саусағындай біледі. Оны айтасыз-ау, тіпті, әр күні асқанада қандай тамақ әзірленеді, монша қашан жағылады, қай тракторшы науқастанып қалды,— бәрін де біліп отырады. Оның үлгірмейтін ісі жоқ. «Тіпті, осы Андрей Ивановичтің бір тәулігінде қырық сегіз сағат уақыт бар шығар» деп сүйсінеді жұрт оған.

Володяның әке-шешесін, ағасын, жерлес құрбыларын сағынып кейде оңашада ептеп жылап алатынын да Андрей Иванович білетін. Әнеугіде әдейі шатырына барып ақыл айтқан. Соған орай Володядан сыр тартайын деген оймен:

— Үйге қайт демей ме? — деп сұрады.

Володя өзінің әкесіне еркелеп отырған балаша, балалық шақтың оты ойшаған көкшіл көзінің қарашығын төңкеріп, Андрей Ивановичтің жылы шырайлы сопақ бетіне өзіміне қарады.

— Сіз оны айтасыз,— деді ол көтеріңкі үнмен,— үйге қайтамын деп балалық істеп жүрме дейді! ...Менің балалық мінезді әлде қашан тастағанымды қайдан білсін...

Володяның осы сәттегі көңіл күйін қуанышты көз жапарынан мүлтіксіз танып отырған Андрей Иванович ойының үстінен дәл түсті.

— Я, Володя,— деді ол даусы толқындап.— Сен үлкен жігіт болдың. Ертең аудандағы лаборанттар курсына аттанасың... Совхозымыздың атағына кір келтірмей жақсы оқып қайт. Тың жерден өнген алғашқы астықтың сорты мен кондициясын қатесіз айыратың маман болып кел...

Володя жылдар бойына көксеген арманына енді ғана қолы жеткен бақытты жандай мыйығынан күлді. Жүрегіне ұялаған небір асыл сөздері мен рыйзалық алғысын партия ұйымдастырушысына үнсіз ұқтырып, сөз қатқан жоқ.

— Рақмет, ағай,— деді ол қысқа қайырып.— Сеніміңізді ақтауға тырысармын...

— Айтпақшы,— деді Андрей Иванович көптен бері ұмытып жүрген бір дерегі осы арада есіне түскендей селт етіп,— келешегімізді осы бастан ойластыра жүргеніміз жақсы. Айталық, Володя, сен әлі жассың... Жас өседі, ақылы толысады, білім алады... Сонда сен қандай мамандықты таңдар едің?...

Бұл жолы Володя кідірген жоқ.

— Агроном болғым келеді...

Лаборанттар курсы жуырда бітіріп қайтқан Володя тың жерден алғашқы жылда өнген мол астықтың сорттары мен кондициясын қатесіз айыратың болыпты.

— Бұл қызметім,— дейді ол жыл сайын бір маусымда — егін орағы кезінде ғана қызу жүреді... Басқа уақыттарда, айталық, қыста, көктемде, жазда қолымды қусырып қарап отыруым керек пе? Жоқ... Оның қыйсыны келмейді. Осы алдымыздағы қыста тракторшылыққа үйренбекпін... Тіпті, радио, электр мамандығын қатар үйренсем менің қолымды кім қағады...

Түскі тыныс мезгілі аяқталып, жігіттер жұмысына кетті. Володя «Алтын масақ» қабырға газетінің келесі номерін шығару қамына кірісті.

С. Омаров.

# Мәнерлеп оқып біл

Ф. Мұсабекова.

Филология ғылымының кандидаты.

**Б**алалар, сендер кітапты дауыстап оқыған уақытта не сөйлеп тұрғанда, айтайын деген ойларың естуші адамдарға түсінікті, әсерлі болуы үшін әр сөзді мәнеріне келтіріп айта білулерің керек, себебі сөйлеп тұрған кісінің сөзін ұғу үшін отырған адамдар өте зер салып тыңдайды. Сондықтан тыңдаушы сені қайткенде ұғатын болуы қажет, олардың тыңдау қабілеттілігін арттыру керек. Әр сөйлемді, әр сөзді өздеріне тән логикалық екпінмен, паузамен, интонациямен оқып алмасақ, айтайын деген ойымыз дұрыс берілмейді. Бұл жөнінде Н. С. Хрущев жолдас Украина Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бір пленумында сөйлеген сөзінде мынадай мысал келтіреді:

Бір сауатсыз шалдың баласы қыйыншылық жағдайға ұшырап, хат арқылы әкесінен ақша сұрағанды. Шал баласынан келген хатты бір көршісіне оқытады. Көршісі хатты екпінді дауыспен бұйыра оқып береді. Шал: «Балам маған көмектесудің орнына, ақша тауып жібер деп неге бұйырады» — деп ашуланыпты. Шал осы хатты екінші бір көршісіне тағы оқытыпты. Ол көршісі хатты аянышты дауыспен оқып беріпті. Сонда шал: «Е, балам бақытсыздыққа ұшыраған екен ғой, көмектесуім керек», — деп, жылап қоя беріпті.

Мазмұны бір материалды әртүрлі оқып беруге байланысты тыңдаушылар оны алуан түрлі мағынада ұғынуы мүмкін. Сондықтан автордың айтайын деген ойын жеткізіп беру үшін, көркем шығармаларды көп оқып, жаттығу керек. А. С. Макаренко: «Мен бері кел» дегенді 15 — 20 түрлі етіп айтуды үйренгеннен кейін... нағыз шебер болып алдым, содан кейін мен біреу-міреу мені ұқпай қалар немесе қажетті нәрсесін сезбей қалар деп қорықпайтын болдым», — деп жазады.

**М**әнерлеп сөйлеудің негізгі құралдары болып саналатын логикалық екпін, пауза, интонация дегендердің мәнін жақсы білген жөн. Сөйлем ішіндегі сөздерге логикалық екпінді дұрыс қойып айту керек. Логикалық екпін деп сөйлем ішіндегі бір сөздің екпін арқылы ерекше бөлініп айтылуын айтамыз. Мысалы, сен быйыл лагерге барасың ба? — дегенде, логикалық екпінді бірінші сөзге түсіріп айтсақ, лагерге басқа адам емес, тек сенің ғана баратыныңды ерекше дауыспен сұрап тұр. Логикалық екпінді «быйыл» деген сөзге түсіріп айтса, оның лагерге тап быйылғы жылы баратын-бармайтындығын сұрап тұр. Егер осы екпін «лагерге» сөзіне түссе, оның лагерге қашан баратындығын қадағалап сұрағандығын білдіреді. Ал, логикалық екпін осы сөйлемдегі «барасың ба» сөзіне түссе, оның лагерге баратын-бармайтындығын ғана білгісі келіп тұр екен деп ұғуға болады.

**С**өйлеу тіліміздегі ерекше көңіл бөлетін мәселе — пауза. Пауза — сөйлеудегі үзіліс. Атап айтқанда, сөйлемдерді бір-бірінен бөліп-бөліп дұрыс айтумен бірге әр сөзді де мағынасына қарай айырып айту керек. Мысалы, «әкем Қасымның келгенін естіп, заводтан келді» деген сөйлемді оқыған кезде «Әкем» деген сөзден кейін пауза жасап оқысақ, менің әкем Қасым деген кісінің келгенін естіді болады, ал паузаны «Қасым» деген сөзден кейін жасасақ, Қасым деген менің әкем келді боп шығады.

Осы тәрізді «Болат балғаларға ток жіберді, — деген сөйлемдегі «Болат» деген сөзден кейін пауза жасасақ, Болат деген бала балғаларға ток жіберді болса, болат пен балға сөздерін қосып айтсақ, қандай балға деген ұғым туады.

Бұл мысалдар паузаны дұрыс қойып айтпаса, оның мағынаға қаншалық әсер ететіндігін айқын көрсетеді. Сонымен сөйлемдегі негізгі мағынаны білдіретін екпінді сөздер осы пауза арқылы айырылады, бірақ пауза ойдың аяқталғандығын білдіретін үзіліс емес, оқыған кездегі дауыс үзілісі ғана деп түсіну қажет.


**А**

л, адамның шындыққа, әртүрлі уақыттар мен құбылыстарға қалай қарайтындығы сөйлеу интонациясынан аңғарылады. Бір сөйлемді реніш түрінде де, қуаныш, бұйрық т. б. түрде де айтуға болады. Интонация онымен бірге ауыз-екі тілде сөйлемнің аяқталған-аяқталмағандығын да білдіреді. Біз біреумен сөйлескенде, айтайын деген ойымызды белгілі дауыс ырғағымен айтамыз. Кітап оқығанда да алдымызда белгілі бір мақсат болады. Сонда тыңдаушы жұртшылықты жалықтырмай, оларды одан әрі тыңдай беруге құмарту дауыс ырғағын дұрыс қойып айтуға байланысты болады. Интонацияның дұрыс айтылмауына байланысты бір сөйлем әртүрлі мағынада ұғынылады.

Мәнерлеп оқудың ең басты шарты — түсініп оқу. Шығарманың мазмұнын жақсы түсініп оқығанда ғана оны нақысына келтіріп мәнерлеп оқуға болады. Сондықтан мәнерлеп оқу кітапты түсініп оқумен өте тығыз байланысты болып келеді.

Оқығанда демалудың өзін де қадағалап реттеп тұру керек. Дұрыс демалу жақсы естуге де, дауыстың анық болып естілуіне де әсерін тигізеді. Сөйлеу дыбыстарын айқын айту, дауыстың ашық болуы сөздің де, бүтін сөйлемнің де дұрыс айтылуы үшін өте қажет. Сонымен әдеби сөйлеу де мәнерлеп оқу үшін қажетті шарттың бірі болып саналады.





Н. А. Некрасов.

Август іші, «Малый веждің» маңында,  
 Ұзақ аттым, Мазай қария жанымда.  
 Бірде жан-жақ аз ғана сәт тына қап;  
 Күн ойнады бұлт ішінен сығалап.  
 Тоқымдай бір жалғыз бұлт кенет кеп,  
 Тас төбеден құя салды шелектеп!  
 Аппак, тұзу болат шыбық секілді,  
 Кұйып жанбыр, жерде бұршақ секірді.  
 Малмандай боп мен де, қария Мазай да  
 Паналадық әлде қандай сарайға.  
 Ал, балалар, Мазай жайын айтайын,  
 Үйіне мен келуші едім жаз сайын.  
 Қонақ болдым талай жеті мен оған,  
 Маған оның деревнясы ұнаған:  
 Жазда оны әшекейлеп гүл жауып,  
 Жан-жағында өсуші еді шырмауық,  
 Қалып үйлер қалың бақтың ішінде,  
 Тұрушы еді бағаналар үстінде.  
 (Бұл аймаққа су-ақ үйір көптен де,  
 Деревня кетер қалқып көктемде  
 Венеция секілді). Ал, қарт Мазай,  
 Өз өлкесін сүйер қатты жанындай.  
 Бала, әйел жоқ, немересі ғана бар,  
 Үлкен жолмен жүре қалса, жалығар!  
 Қырық шақырым Костромаға төтемен  
 Орман бойлап жүруді елең етпеген:  
 «Орман жол ма: құстың, аңның нендейін,  
 Атып алам» — шайтан бар ғой? — Сенбеймін!  
 Шақырып ем батылданып бір күн мен,  
 Түк көрмедім, күтсем дағы түнімен!  
 Күніне дорба саңырауқұлақ тересің.  
 Бүлдірген мен шиені жей бересің.  
 Ән сап шымшық көмекейі бүлкілдеп,  
 Бос бөшкедей күнгірлейді әуілдек,  
 Шошып ұшар түн құстары қалтырап,  
 Қараңғыда екі көзі жалтырап.  
 Түнде... әрине, қорқып жүрдім өзім де,  
 Орман үнсіз қалың түннің кезінде.  
 Бейне намаз оқылған соң, іркілмей,  
 Есігін тарс жауып алған шіркеудей.  
 Сықырласа қайың, орман ішінде  
 Кемпірдей-ақ күңкілдеген түсінде...»  
 Қарт Мазайдың аңға шықпас күні жоқ.  
 Шалқып тұрып, көрмес еді мұңы боп.  
 Эттен, шіркін, көзді қоймай кәрілік  
 Оғы жиі мұлт кетеді жаңылып.  
 Сонда да оған уайымдамас ол тегі:  
 Атай атса — қоян зытып кетеді.  
 «Әп, бәлем» — дер соңында оның атай қап:  
 «Алдама сен — құлайсың!» деп айғайлап.  
 Нелер қызық әңгімесі, бар сыры,  
 Жыр қылады талай жақсы аңшыны:  
 Сындырып ап, шүріппесін мылтықтың,  
 Алар Кузя бір сауытын күкірттің.  
 Құрды алдап шақырып ап, жақындап,

От тигізіп білтеге, ал, кеп бытырлат!  
 Енді бірі түседі аңның соңына,  
 Шоққа толы күршек ұстап қолына.  
 — Мәнісі не күршектегі шоғыңның?  
 — Әдеті бар тез тоңатын қолымның.  
 Мен әуелі қарамастан қоянға,  
 Мылтығымды жамбасқа алып қоям да,  
 Қыздырып ап қызыл шоққа қолымды,  
 Содан кейін төгем зәлімге оғымды!  
 «Міне аңшы! — дейді Мазай, — білемін».  
 Оған мәз боп, шегім қата күлемін.  
 Шаруалардың аңызына теңбе-тең,  
 (Дворяндар аңызынан ол кем бе екен?)  
 Мен Мазайдың әңгімесін білемін,  
 Сендер үшін жазып алдым біреуін.  
 Әңгімесін соқты Мазай сарайда.  
 «Мына біздің ылғи шалшық маңайда,  
 Көбейер ед құстың саны бес есе,  
 Соңына оның ау жайып жұрт түспесе,  
 Ең болмаса күшпен соғып аласың,  
 Қояндар ше? — Қояндарды-ақ аяйсың!  
 Жазғытұры кетер қызыл су жүріп,  
 Онсыз дағы жатыр жүздеп қырылып.  
 Ол — ол ма әлі! Мужиктар да жүгіріп,  
 Ұстап, жаншып, шотаяқпен жүрді ұрып.  
 Ұят бар ма оларыңда? Мен бірде,  
 Қайық міндім, отын алып келуге.  
 Көктемде су бізге айдайды қоянды,  
 Аулап келем, су ұлғайып барады.  
 Бір кішкентай аралшық тұр қарасам.  
 Соған қоян көп жыйналды орасан.  
 Байғұстарды бара жатыр су алып,  
 Астарында аршыннан аз жер қалып.  
 Жақындасам, құлақтары қыймылдап,  
 Қашпайды олар, тұрдым қолға бірін ап,  
 Өзгесіне бұйрық бердім: — Қарғындар!  
 Қояндарым қайығыма түсті дәл!  
 Бір кішкентай аралшық тұр қарасам,  
 Әлгі аралшық батты судың астына:  
 «Солай ма екен! Таласпандар менімен!  
 Жүр, қояндар, Мазай айтқан жөнімен!  
 Біз келеміз, жүзіп солай кеңесіп.  
 Қоян отыр үстінде бір төбешік.  
 Айқастырған екі аяғын тұр байқұс,  
 Оны да алдым — жүк пе, тәйірі, ол жалғыз!  
 Ескегімді есе берген кезімде,  
 Бір бұтадан қоян түсті көзіме.  
 Күпец әйел секілді өзі тым жуан,  
 Қапталымды жаба салдым сыртынан.  
 Қалшылдапты... Күн ауды ғой төбеден.  
 Жүзіп барад бұтақты бір бөрене.  
 Бірі тұрып, бірі жатып жалма-жан,  
 Үстінде оның жан сақтапты он қоян.  
 «Сендерді алсам — батады ғой қайығым!»  
 Оларды да аяймын-ақ, бар жүгім —

Бұтағынан шотаякпен түйретіп,  
 Бөренені кете бардым сүйретіп...  
 Деревнямен қоянды алып жүргенде,  
 Мәз боп қалды қатын-қалаш көргенде.  
 «Әне, кара қарт Мазайдың кәсібін!»  
 «Жарар! Көр де, бөгет болма ешбірің!»  
 Деревняның сырт жағында өзен бар,  
 Соған келсек, аласұрды қояндар:  
 Жалт-жалт қарап, бәрінен де ес кетті.  
 Қайық шайқап, ескізбейді ескекті.  
 Көріп қапты жағаны қу қыйтарлар,  
 Онда шалғын, онда қалың бұта бар.  
 Жағаға әкеп бөрене мен қайықты,  
 Дедім: «Кәне, ал, бәрің де тайып тұр!»  
 Сөйткенімде жалма-жан,  
 Тұра қашты қояндар.  
 Айғайладым соңынан:  
 «Тез, антұрған. аман қал!



Байқа, қыйтар, сорыңа  
 Түспе қыста қолыма!  
 Атсам — бүрк!  
 Құлайсын — сылқ!...»  
 Тым-тырақай қашты бәрі ғайыпта,  
 Бір-екеуі қалып қойды қайықта.  
 Су-су болып, әлсірепті. Екеуін  
 Қапшыққа сап, үйге бірге әкелдім.  
 Түніменен науқас қоян жылынып,  
 Жүні кеуіп, алды ұйқтап тынығып.  
 Көк шалғынға апардым да, қапшықты  
 Қақтым сілкіп, түсті дағы — ал зытты!  
 Сол кеңесті қалдым айтып соңынан:  
 «Қыста түссен, құтылмайсың қолымнан!»  
 Көктем, жазда мен атпаймын біреуін:  
 Жүні жаман — білем қыйтар түлеуін...»

Аударған: *Ғ. Қайырбеков.*

## КӨК АРША

Балбыраған ақ жүзін аяз сүйіп,  
 Жас жігіт көк аршаны шауып жатты.  
 Аршаға ақ қайындар «жаны күйіп»:  
 — Бишара, отын болдың, — деп тіл қатты.  
 — Әй, ойсыз, — деді арша күліп оған, —  
 Сөзбейсің ештенені! Құр шағылма!  
 Қарсы алып жаңа жылды ән шырқаған  
 Барамын балалардың құшағына!

*Қ. Баянбаев.*

Андреев ауданы.

## ОНЫҢ КЕЛЕШЕГІ

Оқыйды ойлы сөзді, жадында ұстап,  
 Кітапқа жаны құштар, көңлі қоштап,  
 Қарайды, үңіледі, саралайды,  
 Үйреткен ұстазының өзіне ұқсап.  
 Әр кітап мектеп берген қолына оның  
 Құйғандай күшпен қуат бойына оның  
 Өрісін көңілінің аша түсіп,  
 Көрсетіп ертеңгі ұзақ өмір жолын.  
 Замана балаға ылғи нұрын шашып,  
 Екпіндеп күй шалқыйды, көңіл тасып;  
 Маман боп, туған елге көрік беріп,  
 Жүрер ол өмірінде еркін басып.

*З. Жұматова.*

## МАРАН МЕН ҚҰЙЫН

Ескерместен сабағын да оқуды  
 Маран кеше ұзақ күнге доп қуды.  
 Бүгін, міне, келе жатыр жүре оқып  
 Сауысқанша бір қараған, бір шоқып.  
 Әттегене-ай!..

Енді ғана ол өкінді.

Көз алдында сөз, сөйлемдер секірді.  
 Қанша үңілсін ойы ештеме алмады,  
 Күйгелектеп діріл қақты қолдары,  
 Сол кезде бір күшті құйын тап келді,  
 Далпылдатып көкке ұшырды дәптерді.  
 Анқыйып ол, қалды қарап аспанға:  
 — Көрсейші бұл килігуін сасқанда!..

*Әбуғали Әбенев.*

Баянауыл ауданы,  
 Жаңа жол колхозы.

## АЛҒАШ КЕЛГЕН ХАТ

Хаты келді, сөзі келді ағайдың  
 Сағындырып қарт әжені талай күн.  
 Қуаныштан күлімдеген әжеме  
 Көз алмастан қызыға мен қараймын.  
 Оқытып жүр әр адамға сол хатты  
 Ала сала жауап сәлем жолдатты.  
 Әлсін-әлсін бір жымыйып қояды,  
 Қуана ма өсіргенге солдатты?!  
 Маған тағы: — Ағаңа хат жаз, — дейді.  
 — Жаздым, — десем, — Ол жазғанын аз, — дейді.  
 Сағат сайын сәлем жолдар ойы бар, —  
 Әттеген-ай, өзі жаза білмейді.  
 Өтірік айтып көргенім жоқ мен оған,  
 Ағайға арнап көп хат жазам селодан.  
 Қарт әженің мақтанышы, қуаты —  
 Неткен менің бақытты еді сол ағам!

*Тұманбай Молдағалиев.*



## ДЕКАБРЬ

Қысқы күн қысқа келеді. Егерде жазда, июнь айында, түн мейлінше қысқа, күн ұзақ болса, декабрьде түн әбден ұзарып, күн қысқарады. Түннің ең ұзақ мезгілі — 22 декабрь. Күннің шығуы мен батуының екі арасын есептегенде бұл күні түн — 17 сағат, күн — 7 сағат болып саналады. Осыдан кейін күн аздап болса да, түннен ала береді.

Қыстың қысқа суық күні — құстар мен ұсақ аңдар үшін де ең қиын мезгіл болып саналады. Құрлар бұл кезде орман ішін паналап, қарағайдың қылқанды жапырағын қорек етеді. Ақ тиін ағаш бүршігінен күн көреді. Ол жерге түскен ағаш бүршігін қандай қалың қардың астында жатса да тауып ала алады.

Бір қызық нәрсе, ақ тиін жазда өзінің қыстық азығын — жаңғақ, жидек, санырауқұлақтың қалдықтарын жыйнайды. Бірақ бұл азықтарын қай жерге, қай ағаштың түбіне тыққанын тиін ұмытып қалады да, қыста басқаша күн көрудің қамына кіріседі. Егер бақытына қарай, оның біреуі жазда азық тыққан жерге тап болса, тиін сол азығын тауыспай ол жерден кетпейді. Тек содан кейін ғана тиін сыртқа шығып, ағаш бүршіктерін тереді.



Декабрьдің суық күндерінде құстың азықтануы мейлінше қиын болады. Ол таңертеңнен кешке дейін тамақ іздейді. Балалар, сендер орман күзететін пайдалы құстарға қыста жем беріп, оларға қамқор болындар, құс «асханаларын» ұйымдастырындар. Түбін ойып түсірген бутылка шыныға құстарға жем болатын әртүрлі нәрселер салып, үй маңына, ағаш басына іліп қойындар. Құстар біртіндеп үй маңына үйренеді. Оның ішіне каракурай мен зығыр тұқымдарын, сұлы жармасын, кәдімгі тарыны, нан қыйқымдарын себуге болады. Егер жаз кезінде алып сақтап қойып берсе, құмырысқа мен олардың жұмыртқалары құстар үшін жақсы азық болып табылады.

Декабрьдің аязды ашық түндерінде жұлдыздар ашық жарқырап көрінеді. Жалпы жұлдыз системасымен сендер таныс боларсындар, бұл жөнінде журналдың әр айдағы номерінде қысқаша мәліметтер берілген. Бірақ бұл кезде бізге таныс емес бір жұлдыздар шоғырын көруге болады. Олардың жазда көрінбейтін себебі — бұл жұлдыздар солтүстік жартышарда жаз айларында күндіз өтеді. Ал, күн сәулесі біздің оны көруімізге кедергі жасайды.

Жан-жағы дөңгелене салынған үйлермен қоршалған ағашты елестетіп көріңіз. Әр үйдің тұсынан сол ағаштың әр жағы көрініс бермей ме? Жоғарғы аталған жұлдыздарды көру Жердің Күнді айналған кезінде осы құбылысқа ұқсайды. 12 айдың атымен аталған ссы 12 жұлдыз әр ай сайын Жер Күнді айналғанда көзге түседі. Олар мына суретте көрсетілгендегідей. Яғни қазір декабрь айында күн Стрелец жұлдызының тұсында.



## Болатты суықпен шыңдау

Болаттың қолданылмайтын жері жоқ. Одан күрделі машиналар және дәл өлшегіш аспаптар, көпірлер мен құрал-саймандар жасайды. Бірақ жасалатын әрбір бұйымға ерекше болат керек. Міне, сондықтан қазіргі металлургиялық өндіріс әртүрлі химиялық құрамды болат жасауға тырысады.

Дегенмен, металдың қасиеті оның химиялық құрамына ғана байланысты болмайды. Детальді соғып бір қалыпқа түсіргеннен кейін немесе басқаша түрде өңделгеннен кейін оны тағы да термиканы өңдеуге салады. Мұның мәні: болатты 750 — 1300 градусқа шейін қыздырады да, суға немесе майға батырып тез суытады. Бұдан металдың ішкі құрылысы өзгереді, ол берік және серпінді болып шығады.

Бұл әдіспен болаттың көптеген түрлерін шыңдауға болғанмен, химиялық күрделі құрамы бар жоғарғы сапалы болатты өңдеуге кел-

мейді. Оның себебі үй температурасындағы суға малып суытқанмен металл жеткілікті дәрежеде берік және серпінді болмайды.

Металдың бойында бұл кемшіліктерді жібермеу үшін не істеу керек. Совет ғалымдары ол үшін болатты суықпен шыңдау әдісін тапты. Болат қыздырылғаннан кейін оны суға немесе майға батырмай-ақ, құрғақ мұз ішінде, сұйық ауада, оттегінде немесе арнаулы мұздатқыш аспапта «қатыру» керек. Бұл үшін нольден төменгі 70 — 80 градустік температура жеткілікті.

Болатты суықпен шыңдау өте тиімді болғандықтан қазір біздің көптеген заводтарымызда қолданылады. Бұлай шыңдау байырғы шыңдаудан әлдеқайда оңай, әрі үш есе жылдам шыңдалады, электр қуаты аз кетеді. Мұндай болаттан жасалған аспап ұзақ уақытқа шыдайды.

## Пана тапқан балапан

Бір күні қырманның қасынан өте бергенімде дүр ете көтерілген бір топ торғайға жалт қарасам, үстеріне төніп қалған қырғыйды көзім шалды. Қапысын жібермей бассалған қырғый, қанаты толық жетілмеген сарыауыз балапанды бір теуіп өтті. Бірақ тырнаққа ілікпей қалған балапан торғай, шырылдап қана, қорғаныш іздей бастады. Әлсіреген балапанды көрген қырғый қайқаң етіп жоғары көтерілді де, балапанның соңына қайта түсті.

Жыртқыштың ендігі шабуылынан құтыла алмайтынын білген торғай шырылдап келді де, арбадан жаңа түсіп тұрған Сексенбай қарттың шекпенінің ішіне кіріп кетті. Мен қарттың қасына келдім де, шекпенінің ішіндегі торғайды ұстап алдым. Қырғыйдың тырнағы батып кетіпті — оның оң қана-

тының түбінен қан шығып тұр. Қорыққан торғай дір-дір етеді.

Адамнан пана тапқан торғайдың енді қолға түспесін білген қырғый төбеден бір айналып ұшып кете барды.

Қырғый кеткен соң біз балапанды босатып жібердік. Бірақ, торғай жыртқыштан құтқарған досы — адамды қыймағандай қасымыздан кетпеді. Сонан соң мен оны қайта көтеріп алып үйге келдім де, торға отырғызып су, жем қойдым. Сүйтіп, ол менде бір жеті болды. Жемге тойынып оңалған торғайдың қанаты да жазылды. Ептеп оны тордан шығардым да, қоя бердім. Босанған торғай үйдің қасындағы терекке қонып, дос адамға алғысын айтқандай бір-екі рет шықылықтады да, қанатын еркін қағып, шарықтай ұшып кете берді.

Ф. М. МИФТАХОВ.

## „Айлакер“ тауық


Бұтаққа қонып жаз күні,  
Бұлбұлдар сайрап тұрғанда,  
Шіркіннің әсем назды үні,  
Таралған тегіс бұл маңға.  
Таралған, сол шақ тамылжып  
Толқытқан әні талайды.  
Түскендей үстен ауыр жүк,  
Таңырқап әр жан қалайды.  
Сезді оны тауық,

іш күйді.

Бұтаққа барды қонғалы.  
Бір кезде дүрсіп, түксиді,  
Өзінше қанат қомдады.  
Бұлбұлдан даусы көп төмен,  
Талассыз.

Енді белгілі ой,—

«Отырсам қатар көппенен,  
Тауық та әнші дейді ғой...»



## Қағаз бен қалам

Қағаз, қалам бір-біріне өшікті,  
«Бұл мысалды мен шығарған»  
десіпті.

Келісе алмай жанжалдасып  
тұрғанда,  
Талант кірді, жайлап ашып есікті.  
Енді міне,

Таластары шешілді,  
Екеуі де сол сәт үнін өшірді...  
Мақтанатын біреу атын бүркеніп,  
Бар ғой әлі осындайлар кесірлі.

Сағый Жиенбаев.

Жезқазған руднигі,  
Қарағанды облысы.

# САПАРҒАЛИ БЕГАЛИН

Алпыс жасқа толуына

Қазақ совет әдебиетінің ең қарт өкілдерінің бірі, жұртшылыққа кеңінен таныс көптеген шығармалардың авторы жазушы Сапарғали Бегалин алпыс жасқа толды.

Жазушының өмірлік жолы осындай ұзақ болса да, оның творчестволық жұмыстармен шын мәнісінде шұғылданғаны — соңғы жыйырма жылдың шамасы. С. Бегалин әдебиетке өмірдің көп белестерін бастан өткізіп барып, әртүрлі қызметтерде болып, мол тәжірибемен келді.

Сапарғали 1895 жылы ноябрь айында бұрынғы Семей губерниясы, Қарқаралы уезі, Детерең болысындағы көшпелі қазақ ауылында туған.


Сапарғалидың балалық шағы туған ауылында өтеді. Жас кезінде ескіше оқиды. Содан кейін ол орысша оқу мақсатымен 1911 жылы Семей қаласына келеді. Әуелде жеке мұғалімнен орысша сабақ алып жүрген ол бір жылдан кейін Семейдегі орыс-қазақ мектебіне оқуға түседі. Сапарғали бұл мектепті 1915 жылы бітіріп шығады.

Социалистік Ұлы Октябрь революциясы жөніп, Қазақстанда Совет өкіметі орнағаннан кейін Сапарғали әртүрлі қызметтерде болады. 1920 жылдан бастап ол Семей қаласында ревкомда (революциялық комитет) хатшы болып істейді. Ал, 1923 — 28 жылдарда ол заң орындарында қызмет атқарады.

Кейіннен Сапарғали журналистік қызметке ауысады. 1943 жылдан бастап 1946 жылға дейін ол «Турксиб» газетінің редакциясында қызмет істейді. Бұдан кейін ол Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл-әдебиет институтында ғылыми қызметкер болады. Бұл кезде Сапарғали халықтың ел ау-

зындағы әдеби мұраларын жыйнау ісінде көп еңбек сіңіреді.

1952 жылдан бастап Сапарғали Қазақстан Совет Жазушылары Одағының балалар әдебиеті секциясын басқарып келеді.



Сапарғалидың өмірлік жолының осындай бай болуы, көргендері мен түйгендерінің көп болуы оның творчестволық қызметіне де игі әсерін тигізуде. Ол өз халқының өмірін, әдет-ғұрыптарын, оның өткені мен бүгінгісін жақсы біледі. Сондықтан да, Сапарғалидың көптеген шығармалары қызықты, әрі өмір шындығын дұрыс бейнелеген шынайы, көркем болып келеді.

С. Бегалиннің творчестволық қызметі, шын мәнісінде, отызыншы жылдардың орта шенінен басталады. Оның 1937 жылы жа-

зылған «Тау сыры» атты поэмасы 1938 жылы «Әдебиет майданы» журналында басылып шығады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Сапарғали көптеген шағын лирикалық өлеңдермен қатар «Қыран кегі», «Қанатты қазақ» атты поэмалар жазды. Бұлардың алғашқысы халық арасына кең таралған қызықты бір аңызға арналған. Ал, «Қанатты қазақ» поэмасында ақын Совет Одағының батыры Нүркен Әбдіровтың тамаша ерлік қыймылдарын суреттейді.

Соғыстан кейінгі жылдарда Сапарғали балалар әдебиетіне біржола ауысты. Ол өлеңдермен қатар прозалық шығармалар да жазады. Оның «Жылқышы қыз», «Төлбасылар», «Шопан данкы», «Алданған жолбарыс», «Бес батыр» сыяқты әңгімелері балалар қызыға оқитын шығармаларға айналды. Ал, жазушының «Сәтжан» повесі — қазақ совет балалар әдебиетінің ең көрнекті, елеулі шығармаларының бірі болып табылады. Совет балаларының өмірі мен істерін шынайы бейнелейтін бұл повесть 1950 жылы одақтық конкурста бәйгі алды. Соңғы жылдарда Сапарғалидың балаларға арналған «Ермектің алмасы», «Жас бұтақ» «Жеткіншектер» атты әңгімелер жыйнақтары шықты. Ол қазір балалар өмірінен алып, «Бала мерген», «Қант — бұршақ» атты әңгімелер және басқа да шығармалар жазып жүр.

Жасы алпысқа толған қадірлі жазушысына жас оқушылары өздерінің алғысын айтады және оның әлі де ұзақ өмір сүріп, жақсы шығармалар жазуына тілектестік білдіреді.

А. Нұрқатов.

Мұқабаның бірінші бетінде «Бестік». Суретті салған Н. Гаев. Соңғы бетінде «Декабрь» Суретті салған Н. Лебедев.

Редколлегия мүшелері: Баранов К., Бегалин С., Дарқанбаев Т., Ергалиев Х., Ибраева А., Иманжанов М., Қыйрабаев С. (редактор), Нұрқатов А., Нұртазин М.

Республикалық газеттер баспасы

Техникалық редактор И. Перлов.

г. Алма-Ата, проспект Сталина, дом № 79, редакция журналы «Пионер»

Подписано к печати 28/XI 1955 г. УГ09765 Бум. 84×108<sup>1</sup>/<sub>16</sub>—0,75 бум. 2,46 т. л. Тираж 19750 экз. Полиграфкомбинат Главиздата Министерства культуры КазССР. Заказ № 1691.



# Демалыс УАҚЫТЫНДА



## ЖАУАПТАР

«Пионер» журналының 1955 жылғы 9-номерінде басылған түрлі жұмбақтардың шешулері.

### РЕБУС

«Орыс тілі қалай айтам десең де, қалай қолданам десең де, соншалық орамды, соншалық қуатты тіл...» (А. Пушкин).

### РЕБУС

«Шындық отқа күймес, суға батпас» (орыс мақалы)

### ЖҰМБАҚТАР

«Қытай жұмбағының шешуі — балықшы бір балық та ұстай алмаған. Себебі: Алтының таңбасының бас жағын өшірсең де, тоғыздың таңбасының төменгі жағын өшірсең де, сегіз таңбасын қалдырсаң да — ноль қалады. Сөйтіп балықшы бір де балық ұстамаған.

М. Жаманбалиновтың жұмбақтары:

1. Тасбақа, 2. Оң саусақ пен екі қолғап, 3. Сәбіз.

Ш. Салықбаевтың жұмбағының шешуі — қалам мен сыя.

Дұрыс жауабын бірінші жібергендер:

Н. Ботагарин (Темір станциясы), Д. Айдарбекова (Алматы), А. Саббаев (Оңтүстік Қазақстан облысы), С. Қалиев (Үштөбе станциясы).


## ЖҰМБАҚТАР

1. Бір арбада үш дөңгелек —  
Үлкен, орта, кішірек  
Үш тілімен бір мезгілде  
Сөйлейді ол үш бөлек.
2. Тіс деген жоқ, ерні өткір  
Қазықтаулы көмейі.  
Қан шығармай өмірде бір  
Өлтіреді — жемейді.
3. Не сабақ, не жапырақ, не  
тамыр жоқ  
Тоғай боп тұқымсыз-ақ өседі  
көп.  
Бүгінгі өсімдіктің ең кәрісі,  
Балалар, айтындаршы бұл  
қандай шөп?
4. Тісе қайтып келеді,  
Тімесе алыс кетеді.

## КРОССВОРД

Көлденеңінен.

1. Африкадағы өзен.
3. Адам мүшесі.
5. Сан.
6. Жауын-шашын.
8. Тамақ.
10. Сұйық ас.
12. Шахмат термині.
14. Планета.
15. Түс.
16. Үлкен әке.
17. Мезгіл.
18. Шахмат термині.
20. Жыл мезгілі.
22. Шалшық.
24. Өзеннің тік жағасы.
26. Қазақстандағы өзен.
27. Сері.
28. Бұзылған мұз.



Тігінен:

1. Түйе.
  2. Ешкі.
  3. Кереге көз.
  4. Математикалық атау.
  5. Сан.
  7. Жәндік.
  9. Шырын.
  11. Тау жынысы.
  12. Үй мүлкі.
  13. Пакет.
  14. Адам мүшесі.
  17. Сан түрі.
  19. М. Горькийдің романы.
  21. Ток өткізгіш.
  23. Адам мүшесі.
  24. Уақыт.
  25. Шындық.
  26. Киім бөлегі.
- Жасаған А. НҰРМАҒАМБЕТОВ.  
Нукус қаласы.

## БИДАЙЫҚ ПЕН БИДАЙ

Мичурин іліміне сүйене отырып, совет ғалымдары будандастыру жолымен өсімдіктердің талай жаңа сорттарын шығаруда. Мұның айқын дәлелдерінің бірі — Н. В. Цициннің будандастыру тәсілімен шығарған бидайлары. Жаңа сорттар — негізінен жаздық және күздік бидайлар. Н. В. Цицин бидай мен бидайықты будандастырды, сөйтіп мысалы бидай-бидайықты будан № 599 деген сорт шығарды. Бұл сорттың қасиеті — дәнді, өнімді бидай, сабағы жығылмайтын берік.

Ол гектарынан 45 центнерден өнім берді.

Ол будан Москва облысы мен Қазақстанның көптеген колхоздарында егіледі. Енді бірі лотесценс — 329 деген күздік бидайды көгілдір бидайықпен будандастыру арқылы шыққан. Бұл — жоғары өнімді, тез пісетін сорт. Мұның ұдайы беретін өнімі — гектарынан 55,4 центнер.

Сонымен бірге Н. В. Цицин жаздық бидайлардың да жаңа сорттарын шығарды. Соның бірі бидай-бидайықты будан Флора—5, Флора—6, қазіргі уақытта Москва облысының көп колхоздарында егілуде. Н. В. Цицин жаңа көпжылдық бидайдың сортын да тәжірибе жүзінде алып отыр. Мұның да болашағы зор.

Бидайық деген не? Ол — көп жылдық өсімдік. Көгілдір бидайықтың бірнеше биологиялық қасиеттері бар. Бидайық — өзінің суыққа төзімділігі, топырақты талғамайтындығы, өсімдік ауруларына және зиянкестеріне қарсы тұратын ерекшеліктерімен құнды. Осы қасиеттерді пайдалана отырып, академик Н. В. Цицин жабайы бидайық пен мәдени бидайды будандастырып жаңа будандар шығарып, сұрыптау арқасында биология ғылымына бұрын болмаған жаңалықтар қосты.

Ә. ӘЛІМБАЕВ.



## ТОҒЫЗ СӨЗ

«Қызық» деген сөз солдан оңға қарай оқысаң да, кері оқысаң да мағнасы өзгермей дұрыс оқылады. Осындай тағы да сегіз сөз тауып көріңдер.

Тапқан сөздерінде кем дегенде бес әріптен болсын.

С. ҚҰЛТАЕВ.

Алматы.